

KAZAKHSTAN JOURNAL OF FOREIGN STUDIES

№ 1-2 (01-02) 2021

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

www.kisi.kz
www.kas.de

*Сергей Лебедев, Андрей Казанцев,
Светлана Медведева*

**Ресей мен Қазақстанның ынтымақтастығы:
экономика және саясат**

Грегори Глисон

**Көп полярлы әлемдегі АҚШ пен Қазақстан
арасындағы екіжақты қатынастар**

Әділ Каукенов

**Қытай энергетикасы дамуының
Қазақстанмен ынтымақтастыққа әсері**

Вакур Сумер

**Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасы:
достық пен ынтымақтастықтың 30 жылы**

Элдор Арипов

**Өзбекстан-Қазақстан:
стратегиялық әріптестіктің жаңа деңгейі**

Қайрат Әбусейітов

**Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясы:
Нұрсұлтан Назарбаев факторы**

Санат Көшкімбаев, Болат Әуелбаев

**Қазақстан сыртқы саясатының Орталық Азия векторы:
жетістіктер, сын-тегеуріндер, перспективалар**



KAZISS



KAZISS

KAZ_ISS
ISS.Kazakhstan

www.kisi.kz, www.kaziss.kz



**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ)
Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен
1993 жылғы 16 маусымда құрылған**

- ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ негізгі міндеті – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін аналитикалық қамтамасыз ету. Пенсильвания университетінің «Global Go To Think Tank Index Report» рейтингісі (2018 ж.) бойынша ҚСЗИ әлемнің 8162 талдау орталықтары арасынан 142-орынды иемденіп, рейтингке кірген жалғыз қазақстандық «ақыл-ой орталығы».
- Институт халықаралық қатынастар, жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 300-ден астам кітап басып шығарды. ҚСЗИ-да үш журнал басылып шығарылады: «Қоғам және Дәуір», «Казахстан Спектр» және «Central Asia's Affairs». Үш тілде жүргізіліп отыратын сайты, Facebook және Twitter әлеуметтік желілерінде өз парақшасы бар.
- ҚСЗИ – жыл сайын әлемдік саясат пен экономиканың өзекті мәселелері бойынша бірқатар ғылыми және практикалық іс-шаралар өткізілетін ерекше халықаралық сарапшылар алаңы. Институттың ғылыми форумдарына Орта Азия мен алыс шетелдердің беделді сарапшылары қатысады.

ҚСЗИ мекенжайы мен байланыс телефоны:

**Қазақстан Республикасы, 010000
Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі 4
Тел.: + 7(7172) 75-20-20
Факс: +7(7172)75-20-21
E-mail:office@kisi.kz**

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі
Мұхтар Тілеуберді5

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры
Зарема Шаукенова10

Конрад Аденауэр атындағы Қордың Берлиндегі Азия және Тынық мұхит аймағы департаментінің басшысы
Петер Хефеле13

Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігінің директоры
Йоханнес Д.Рай13

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

Сергей Лебедев, Андрей Казанцев, Светлана Медведева
Ресей мен Қазақстанның ынтымақтастығы: экономика және саясат.....15

Грегори Глисон
Көп полярлы әлемдегі АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты қатынастар.....25

Әділ Каукенов
Қытай энергетикасы дамуының Қазақстанмен ынтымақтастыққа әсері.....44

Вакур Сумер
Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасы: достық пен ынтымақтастықтың 30 жылы.....54

Элдор Арипов
Өзбекстан-Қазақстан: стратегиялық әріптестіктің жаңа деңгейі.....64

Қайрат Әбусейітов
Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясы: Нұрсұлтан Назарбаев факторы.....73

Санат Көшкімбаев, Болат Әуелбаев
Қазақстан сыртқы саясатының Орталық Азия векторы: жетістіктер, сын-тегеуріндер, перспективалар.....81

KAZAKHSTAN JOURNAL
OF FOREIGN STUDIES

№ 1–2 (01–02) 2021
Ғылыми журнал



Құрылтайшы: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты.

Шеф-редактор: Санат Көшкімбаев, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары

Шығару: ЖК «NV-Media»

Түзетуші: Олег Пономарев

Редакцияның мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 4, тел.: +7 (7172) 75 20 20, факс + 7 (7172) 75 20 21, email: office@kici.kz, www.kisi.kz.

Журналды ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті тіркеген. Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы 13.08.2021 жылғы куәлік № KZ17VPY00039008.

«Print House Gerona» ЖШС-да басылды. Таралымы — 500 дана.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, Орталық Азия және таяу шетел елдері.

Мақалаларды қайта басып шығару кезінде журналға сілтеме жасау міндетті.

Журналдың редакциялық алқасының пікірі мақала авторларының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Журналды шығару Конрад Аденауэр атындағы Қордың қолдауымен жүзеге асырылды.

Редакциялық кеңес

Зарема Шаукенова — Редакциялық кеңестің төрайымы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Йоханнес Д. Рай — Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігінің директоры

Санат Көшкімбаев — Шеф-редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, саяси ғылымдардың докторы

Әсел Назарбетова — Редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының халықаралық зерттеулер бөлімінің басшысы, «Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.)

Болат Сұлтанов — Қазақстан-Неміс университеті жанындағы Халықаралық және өңірлік ынтымақтастық зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Сұлтан Әкімбеков — Азиялық зерттеулер институтының директоры, «Центр Азия» журналының бас редакторы, тарих ғылымдарының кандидаты

Ирина Звягельская — Ресей ғылым академиясының Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының «Таяу шығыстық зерттеулер орталығы» лабораториясының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей)

Марлен Ларюэль — Джордж Вашингтон университетінің Эллиот халықаралық қатынастар мектебінің Орталық Азияны зерттеу бағдарламасының жетекшісі, Ph.D., (АҚШ)

Беате Эшмент — Шығыс Еуропа және халықаралық зерттеулер орталығының (ZOiS) ғылыми қызметкері, Ph.D. (Германия)

Мирзохид Рахимов — Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Тарих институтының қазіргі заманғы тарих және халықаралық зерттеулер бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының докторы (Өзбекстан)

Чжао Хуашэн — Фудань университеті Халықаралық зерттеулер институтының профессоры (Қытай)

АЛҒЫ СӨЗ



МҰХТАР ТІЛЕУБЕРДІ

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Сыртқы істер министрі**

Құрметті оқырман!

Бүгін қолдарыңызға «Қазақстанның сыртқы саясатына 30 жыл» тақырыбына арналған Kazakhstan Journal of Foreign Studies журналының бірінші нөмірі тиіп отыр.

Тәуелсіздік жылдарында біздің бейбітсүйгіш әрі жасампаз сыртқы саясатымыз ұлттың ішкі әлеуетін дамытудың берік тірегіне айналды. Қазақстан өзін халықаралық істерде сенімді және болжамды әріптес ретінде көрсете білді, халықаралық-құқықтық жағынан танылып, мемлекет шекарасын бекітуге қол жеткізді, әлемнің 186 елімен дипломатиялық қатынастар орнатты және оларды одан әрі дамыту үстінде.

Отыз жыл бойы Қазақстан сындарлы, теңдестірілген және көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуде. Мемлекетіміз көптеген беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі болды, БҰҰ-мен және оның мамандандырылған мекемелерімен (ДДҰ, ХВК, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО және т.б.) тұрақты негізде өзара іс-қимылдар жасауда, ДСҰ, Дүниежүзілік банк, АДБ, ЕҚДБ, АЭХА, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ШЫҰ, ТМД және сияқты басқа да ықпалды көпжақты құрылымдармен ынтымақтастықты нығайтуда.

Қазақстан ЕҚЫҰ және ИЫҰ саммиттерін қабылдады, ЭКСПО-2017 мамандандырылған көрмесін

және басқа да бірқатар ірі халықаралық іс-шараларды табысты өткізді. Сирияда соғысып жатқан тараптар арасындағы соғыс қимылдарын тоқтату туралы келіс-сөздер жүргізуге өз алаңын ұсынды. Нұр-Сұлтан қаласының жанжалды диалог арқылы реттеуге қосқан үлесін БҰҰ және көптеген әлемдік лидерлер мойындады.

Биыл біз Семей сынақ полигоны жабылуының отыз жылдығын атап өттік. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерік-жігері арқасында Қазақстан өзінің ядролық қарусыз тарихын бастады. Бұл теңдессіз шешімді БҰҰ қоғамдастығы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялай отырып, лайықты бағалады.

2020 жылы басталған коронавирустық пандемия аясында және биотерроризм қатерімен байланысты қауіптерді ескере отырып, биологиялық қаруды көп-жақты бақылау жүйесін әзірлеу және іске қосу біздің ойымызша халықаралық қауымдастық үшін жаңа өзекті міндет болып, біздің ойымызша, табылады. Президент Қ. Тоқаев 2020 жылғы қыркүйекте өткен БҰҰ-ның 75-ші сессиясының жалпы саяси пікірталасында сөйлеген сөзінде атап өткендей, әлем мемлекеттері болашақта биологиялық апаттар мен қауіп-қатерлердің алдын алу үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек. Осыған байланысты ол 1972 жылғы Бактериологиялық (биологиялық) және уытты қаруларды әзірлеуге, өндіруге және олардың қорларын жинақтауға тыйым салу мен оларды жою туралы конвенцияның негізінде Қауіпсіздік кеңесіне есеп беретін Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттігін құруды ұсынды. Бұл бастама біздің халықаралық әріптестеріміздің және осы саладағы сарапшылардың айтарлықтай қызығушылығын тудырғанын атай отырып, бүгінде Отандық дипломатия осы мәселе бойынша барлық мүдделі тараптармен практикалық консультациялар өткізіп жатқанын растаймыз.

Келесі жылы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) 30 жылдығы атап өтіледі және оның Қазақстан астанасында VI саммиті өтеді. Бұл алаңды шақыру туралы идеяны алғаш рет Елбасы Н. Назарбаев 1992 жылғы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында жария етті, бастаманың қозғаушы күші Азияда бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиімді және баршаға қолайлы құрылым құруға ұмтылу болды. Біз Азия кеңесін эпидемиологиялық қауіпсіздік, қоғамдық денсаулық сақтау және фармацевтика, цифрландыру саласындағы ынтымақтастық сияқты жаңа өлшемдерді дамыта отырып, халықаралық күн тәртібінің жаңа жағдайлары мен қажеттіліктеріне бейімдеуге ниеттіміз.

1994 жылы Тұңғыш Президент Н. Назарбаев посткеңестік мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарды жаңа, өзара тиімді негізде ұтымды етуге бағытталған Еуразиялық одақ құру идеясын ұсынды. 20 жылдан кейін Қазақстан астанасында Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойылды. Қазіргі уақытта ЕАЭО шеңберінде сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық байланыстар ұлғаюда, шекара маңы және өңіраралық ынтымақтастық серпінді дамуда, түрлі салаларда ауқымды бірлескен жобалар іске асырылуда.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда бүкіл әлемге танымал, әрі мойындалған этносаралық және конфессияаралық келісім қоғамының өзіндік бірегей моделі құрылды. Қазақстанның тәжірибесі жаһандық деңгейде сұранысқа ие болды, сондықтан елордамыз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өтетін орынға айналды.

2021 жылғы 6 қазанда өткен Съезд Хатшылығының ХІХ отырысы адамдар рухани салаға көбірек бет бұруға бейім болатын пандемия жағдайында конфессияаралық және өркениетаралық диалог мақсаттарының өзектілігін растады. Осынау қазіргі қиын-қыстау кезеңде түрлі діни сенім өкілдері, сондай-ақ, толеранттылық пен бейбітшілік құндылықтарын нығайтуға ерекше жауапты діни лидерлер мен саясаткерлер арасында достық, мәндес диалог атмосферасын, өзара құрмет пен бір-бірін түсінуге деген ұмтылысты қолдау маңызды. Бұл жұмыс 2022 жылғы қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында өткізу жоспарланып отырған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезіне дайындық аясында жалғастырылып, күшейтілетін болады.

Қазақстанды қоса алғанда, әлемнің барлық елдері үшін өзектілігі арта түсетін басқа міндеттер арасында төмен көміртекті дамытудың тиімді ұлттық стратегияларын әзірлеуді бөліп көрсеткен жөн. Қазбалы отынға жоғары тәуелділікке және Климат жөніндегі Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізудің алдағы ұзақ жолына қарамастан, Қазақстанның көміртексіз экономиканы дамытуға бейілдігіне балама жоқ.

Париж келісімінің тарапы бола отырып, біз өз еркімізбен 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға азайту жөніндегі міндеттеме алдық. Сонымен қатар, 2020 жылғы желтоқсанда Президент Қ.Тоқаев 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі өршіл мақсат туралы мәлімдеді. Қазіргі уақытта экономиканы терең көміртексіздендіру мақсатында 2060 жылға дейін Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізу доктринасы әзірленуде. Құжат парниктік газдар шығарындыларының төмен деңгейіне және экономиканың барлық секторларындағы қажетті қайта құруларға көшудің ұзақ мерзімді пайымын ұсынады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Президент болған алғашқы күндерінен бастап Қазақстанның ішкі саяси стратегиясы мен сыртқы саясатын іске асырудағы сабақтастықты айқын әрі анық белгілеп берді. Еліміз өзінің тиімділігін дәлелдеген, оның жетекші сыртқы саяси әріптестермен және басқа да шет мемлекеттермен өзара іс-қимылына оң серпінін қамтамасыз ететін сындарлы, көпвекторлы және теңгерімді дипломатияны жүргізуді жалғастыруда. Бұл ретте өзінің ұлттық мүдделерінен таймай, оларды халықаралық аренада берік қорғайтын болады.

Әлемдік тәртіптегі тектоникалық жылжулар жағдайында Қазақстан өзінің сыртқы саяси бағытын халықаралық қатынастар жүйесіндегі серпінді өзгерістерге бейімдеуі тиіс. Бірінші кезекте, сенім дағдарысы және әр түрлі халықаралық акторлар арасындағы қақтығыстың артуы сияқты қиындықтар мен қауіптер

туралы айтылып отыр, бұл санкциялар теке-тіресінде, халықаралық құқықтың негізгі қағидаларын бұзуда, экстремизм мен қару-жарактың өршуінде, гибридтік, кибер, сауда және валюта соғыстарының жандануында көрінеді.

Отандық дипломатияны одан әрі жетілдірудің маңызды кезеңі Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасын бекітуіне байланысты болды, онда алғаш рет сыртқы саяси қызметті перспективалық жоспарлаудың уақыты он жылға дейін ұлғайтылды.

Бұл тұжырымдамалық құжаттың негізгі ережелері Қазақстанның сыртқы саяси бағытының өзгермейтіндігін және оның халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес бұрын қабылданған өз міндеттемелерін бұлжытпай орындайтынын көрсетеді.

Президент Қ.Тоқаев ұсынған «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, сыртқы саяси ведомство адами факторға басым көңіл бөледі, бұл мемлекеттің де, жалпы қоғамның да мүдделеріне бағдарлануды білдіреді.

Бұл отандық дипломатияның күнделікті жұмысында Қазақстан азаматтарының және қазіргі әлемдегі ұлттық бизнестің практикалық мүдделерін ілгерілетуге баса назар аударуды одан әрі күшейтуден айқын көрінді. Ұлттық дипломатиямыз қоғам мен жекелеген азаматтардың нақты сұраныстарына неғұрлым қолданбалы болып, бағдарланып келеді. COVID-19 пандемиясының басталуына орай тілек білдірген ондаған мың отандастарымыздың Отанына оралуына жәрдемдесу жөніндегі ауқымды жұмыстар оның көріністерінің бірі болды.

Сонымен қатар, Үкімет және Сыртқы істер министрлігі қазіргі қолайсыз жағдайларда қолда бар инвестициялық жобаларды сақтау және жаңа инвестициялық жобаларды тарту үшін халықаралық бизнеспен белсенді жұмыс істеуді жалғастыруда. Объективті қиындықтарға қарамастан, бұл салада белгілі бір жетістіктерге қол жеткізуге болады. ЮНКТАД мәліметтері бойынша пандемияның жаһандық экономикаға теріс әсері бүкіл әлем бойынша таза тікелей шетелдік инвестициялардың үштен бірінен астамын соңғы 15 жылдағы ең төменгі көрсеткішке дейін қысқартуға әкелді. Дегенмен, бізде бұл көрсеткіш керісінше 35%-ға өсті, соның нәтижесінде аталған көрсеткіштің өсімі бойынша Қазақстан өтпелі экономикасы бар 17 елдің және теңізге шыға алмайтын 34 елдің арасында бірінші орынға ие болды.

Ағымдағы жағдайларда біз жаңа шетелдік инвестицияларды тарту құралдарын жаңа болмыстарға бейімдеуді жалғастыруға және біздің нарықта жұмыс істейтін компанияларымыздың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етуге ниеттіміз.

Жалпы, тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктер нәтижесінде Қазақстан Еуразияда тату көршілік пен қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыру жөніндегі халықаралық күш-жігерге қосқан мазмұнды үлесі үшін құрметі артып, ықпалды өңірлік мемлекетке айналды.

Бұл ретте елдің сыртқы саяси бағыты да ұлттық экономиканың үдемелі дамуына, ішкі тұрақтылықты, еліміздің аумақтық тұтастығы мен ұлттық егемендігінің мызғымастығын сақтауға іс жүзінде әсер етуге бағытталған.

Дамыған сарапшылық-талдамалық қоғамдастық та кез келген мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясын қалыптастыруға және іске асыруға елеулі үлесін қосады. Жария алаңдарда, оның ішінде мамандандырылған басылымдар беттеріндегі ашық дәлелді пікірталас халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін мазмұндық тұрғыдан талқылау құралы екені анық.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты көптеген жылдар бойы еліміздің жетекші «ақыл-ой орталығы» болып табылады, оның терең, жүйелі және дәйекті жұмысы, әрі СІМ-мен сындарлы өзара іс-қимылы іс жүзінде мемлекеттің сыртқы саясатын тұрақты жетілдіруге және нығайтуға ықпал етеді.

Осыған орай, Kazakhstan Journal of Foreign Studies жаңа басылымының редакциясына, авторлары мен оқырмандарына тамаша идеяларды, креативті көзқарастар мен қойылған міндеттерді табысты іске асыруға тілектеспін!



ЗАРЕМА ШАУКЕНОВА

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының
директоры**

Қымбатты оқырмандар!

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігімен бірлесіп, Kazakhstan Journal of Foreign Studies ғылыми-талдау журналының бірінші нөмірін зор ықыласпен ұсынады.

Ғылыми журнал Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатының өзекті мәселелеріне арналады. Басылымда халықаралық қатынастар, өңірлік күн тәртібі, сондай-ақ саяси, әлеуметтік-экономикалық даму, еліміздің және Орталық Азия мемлекеттерінің жаңа тарихы ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін, өңірлік ынтымақтастық пен қауіпсіздік перспективаларын егжей-тегжейлі жариялау, сондай-ақ ілгерілету жоспарланады.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы айтулы датаны – Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтеді. Осыған байланысты журналдың бірінші саны біздің еліміздің үш онжылдықтағы сыртқы саясатта жүріп өткен жолына арналады. Басылымда Қазақстанның негізгі серіктестері – Ресей, ҚХР, АҚШ, Түркия және Орталық Азия елдерімен екіжақты қарым-қатынасына арналған мақалалар ұсынылады.

Айта кету қажет, егемендік алған сәттен бастап Қазақстан сыртқы саясатта маңызды нәтижелерге қол жеткізді, оның айрықша сипаты теңгерімділік пен сындарлылық болды. Алайда, біздің еліміз әлемдік қоғамдастықта сенімді әрі болжамды серіктес ретінде танылғанға дейін күрделі жолдан өтуге тура келгені белгілі.

Тәуелсіздік таңында жас мемлекет алдында өз дипломатиясының негізгі қағидаттарын және ұлттық басымдықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі тұрды. Сол кезеңде жаһанданумен, халықаралық қатынастар жүйесін қайта форматтаумен, перспективалы нарықтарды қайта бөлумен және жаңа экономикалық тауашаларды игерумен байланысты белсенді процестер жүріп жатты. Бұдан басқа, орасан зор

ядролық арсеналды мұраға алған Қазақстан шетелдік әріптестердің ерекше қызығушылығын және бір мезгілде аландаушылығын тудырды.

Осыған байланысты жас мемлекеттің бейбітшіл көзқарасын көрсетуі тиіс алғашқы және маңызды саяси шешімдердің бірі ядролық қарудан өз еркімен бас тарту болды. Биылғы жылы Қазақстан Семей ядролық полигонының жабылуына 30 жыл толуын атап өтті.

Сыртқы саясат, халықаралық қатынастар, өңірлік және жаһандық қауіпсіздік мәселелері әрқашан да Қазақстан басшылығының аса маңызды басымдығы болып келді. Мұның түсіндірмесі Қазақстан Еуразияның дәл орталығында – жаһандық және өңірлік ойыншылардың мүдделері қиылысатын өңірде орналасқандығы болып табылады. Ресей мен Қытай тәрізді державалармен көршілес болу Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейдегі стратегиялық маңыздылығын арттырады. Көлік-коммуникация саласындағы қолда бар әлеует, табиғи ресурстардың бай қорлары – әлемдік қоғамдастық тарапынан жоғары қызығушылық көзі болып табылады.

Осының барлығы Қазақстанның сыртқы саясат стратегиясын қалыптастыруға тікелей әсер етеді, оның айрықша сипаты көп векторлылық болып табылады. Еліміздің көп векторлы бағытының тұжырымдамалық негізін Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айқындап, бекітті, ол кейіннен Қазақстан дипломатиясының басты бірегей және айрықша белгісіне айналды.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап 30 жыл өткен соң көп векторлы бағыт өзін толық ақтағанын сенімді түрде атап өтуге болады. Бұл тұжырымдама бойынша Қазақстан мен жалпы Орталық Азия өңіріне ықпал ететін түрлі геосаяси орталықтар арасындағы күш-жігерді теңдестіру түсініледі. Қазіргі кезеңде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көп векторлы дипломатиясының сабақтастығы айқын, ол сыртқы саяси қызмет елге, бизнеске және әрбір азаматқа нақты пайда әкелуі тиіс екенін бірнеше рет атап өтті.

Қазақстан өзінің егеменді дамуының 30 жылдық кезеңінде ең бастысы – әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы, жауапты, құрметті және беделді мүшесі бола алғанын атап өткен жөн. Бүгінгі таңда біздің еліміз БҰҰ-ға мүше 180-нен астам мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Елдің егемендігін нығайту және оны одан әрі дамыту үшін барлық қажетті халықаралық жағдайлар жасалды.

Қорытындылай келе, барлық авторларға журналдың бірінші нөмірін дайындауға қосқан үлестері үшін үлкен алғыс білдіремін. Ғылыми мақалалар авторларының тізіміне екіжақты қатынастарды талдауға, халықаралық күн тәртібінің негізгі мәселелеріне және қазақстандық дипломатияның даму перспективаларына назар аудара отырып, Қазақстанның сыртқы саясатының дамуының негізгі кезеңдері туралы ой жүгіртетін танымал және танылған халықаралық қатынастар мамандары кіреді.

Біздің әріптесіміз – Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігіне және оның басшысы Йоханнес Д. Рай мырзаға ҚСЗИ-ге көрсеткен қолдауы және көп жылдық, жемісті ынтымақтастығы үшін ерекше алғыс білдіремін.

Қор қызметін сыртқы саяси диалогқа, бейбітшілікке, қауіпсіздікке, демократияландыру процестеріне, әлеуметтік нарықтық экономика мен құқықтық мемлекетті құруға ықпал ететін түрлі бағыттарда жүзеге асыра отырып, Қазақстанда белсенді түрде өкілдік етіп отырғанын атап өту маңызды. Журналдың негізгі идеясы мен тұжырымдамасы бойынша бірлескен жұмыс ҚСЗИ және Конрад Аденауэр атындағы Қордың арасындағы ынтымақтастықта жаңа кезеңді бастайды.

Ұсынылған журнал оқырмандардың кең ауқымын қызықтырады және Қазақстанның сыртқы саясаты туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ғалымдарға, сарапшылар мен саясаткерлерге жалпы Орталық Азиядағы халықаралық саясат саласының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге жәрдемдеседі деп үміттенеміз.



Д-Р ПЕТЕР ХЕФЕЛЕ

Конрад Аденауэр атындағы Қордың Берлиндегі Азия және Тынық мұхит аймағы департаментінің басшысы



ЙОХАННЕС Д. РАЙ

Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігінің директоры

Құрметті оқырмандар!

Конрад Аденауэр атындағы Қордың (KAS) атынан шығарылатын Kazakhstan Journal of Foreign Studies жаңа академиялық журналының алғашқы басылымын қошеметпен қарсы алыңыздар. Жаңа академиялық басылымның тұжырымдамасын жасау барысында бізді Politische Meinung («Саяси пікір») неміс журналы шабыттандырды, журнал 1956 жылдан бастап екі айда бір рет жарияланып, саясаттың, қоғамдық өмірдің, мәдениеттің және діннің өзекті мәселелерін баяндайды.

Kazakhstan Journal of Foreign Studies журналының жаңа басылымы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтымен (ҚСЗИ) ынтымақтастығымыздың нәтижесінде пайда болды және ағымдағы саяси үрдістер мен пікірталастарды, Қазақстандағы және Орталық Азияның басқа да елдеріндегі өмірдің түрлі салаларындағы зерттеулер мен талдаулардың нәтижелерін жариялауға бағытталған. Ол сыртқы саясат пен геосаясаттан, экономикадан, әлеуметтік оқиғалардан бастап, қоғамдық мүдделер мен тарихқа дейінгі кең ауқымды тақырыптар мен мәселелерді қамтиды. Біздің авторлардың қатарында жетекші жергілікті және халықаралық академиялық зерттеушілер, талдаушылар, саясаттанушылар, экономистер мен тарихшылар бар.

Біз бұл журнал өзекті ақпаратқа деген маңызды қажеттілікті қанағаттандырады және басқа ғылыми басылымдар тізімінде лайықты орын алып, жаңа пікірталастардың қайнар көзі болады деп күтеміз. Болашақта журналдың

мазмұны бүкіл әлемдегі оқырмандарға веб-сайт арқылы қолжетімді болады. Журналдың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі баспа нұсқасы бүкіл Орталық Азияға таралады.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстан мен Германия қарым-қатынасы екі ел үшін де стратегиялық маңызға ие болды. Біздің елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастар Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бір жыл өткен соң, 1992 жылы орнатылды. Біздің халықтарымызды тек тарих қана емес, сонымен бірге этникалық немістердің үлкен диаспорасының Қазақстанда тұру фактісі байланыстырады. Белсенді саяси диалог пен серпінді даму сауда мен инвестициялардан бастап мәдени және гуманитарлық ынтымақтастыққа дейінгі барлық деңгейлерде жүріп жатыр.

Бүгінгі таңда Германия Қазақстанның жетекші сыртқы экономикалық серіктестерінің бірі, сондай-ақ ел экономикасының негізгі инвесторы болып табылады. Неміс компаниялары Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторына, атап айтқанда, өңдеу және химия өнеркәсібіне, құрылыс материалдарының өндірісіне, көлік және агроөнеркәсіп кешеніне белсенді инвестиция салады. Орталық Азияда – бүгінде геосаяси пікірталастарда үлкен маңызға ие аймақта Қазақстан Германияның жетекші сауда серіктесі болып табылады.

2007 жылы Қазақстан Үкіметі Конрад Аденауэр атындағы Қорға Астанада өкілдік ашуды ұсынды. Содан бері біздің қызметіміз екі ел арасындағы тығыз және достық қарым-қатынас пен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Біз Kazakhstan Journal of Foreign Studies журналы елдеріміз арасындағы диалогты одан әрі нығайтуға үлкен үлес қосатынына сенімдіміз.

Біз ҚСЗИ директоры Зарема Шаукуеноваға, редакция алқасының мүшелеріне және авторларға шынайы алғысымызды білдіреміз.

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ САЯСАТ




СЕРГЕЙ ЛЕБЕДЕВ

Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының (РХШЖМКА) Мемлекеттік қызмет және басқару институтының шақырылған оқытушысы, саяси ғылымдар кандидаты. 2009 жылы Л.В. Ломоносов атындағы ММУ «экономист-менеджер» мамандығы бойынша бітірді. 2012 жылы Л.В. Ломоносов атындағы ММУ саяси талдау кафедрасының аспирантурасын бітірді. Экономика, мемлекеттік басқару және менеджмент бойынша көптеген еңбектердің, саясат, қаржы және мінез-құлық экономикасы бойынша ғылыми және ғылыми-танымал мақалалардың авторы.
Email: sergei.lebedeff@gmail.com



АНДРЕЙ КАЗАНЦЕВ

«Жоғары экономика мектебі» ұлттық зерттеу университетінің профессоры және РФ СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (ММХКИ) бас ғылыми қызметкері, саяси ғылымдар докторы. 1997 жылы Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетін (РМГУ) бітіріп, тарих және тіл маманы дәрежесін алды. 1997-2000 жылдары – РМГУ саясаттану факультетінде аспирант. А.А. Казанцев қолданбалы аналитикалық және сараптамалық жұмыста ұзақ тәжірибеге ие. Өңірлік саясат және халықаралық қатынастар мәселелері бойынша 60-тан астам жарияланымның авторы.
Email: andrka@mail.ru



СВЕТЛАНА МЕДВЕДЕВА

А.Ф. Шишкин атындағы РФ СІМ ММХКИ философия кафедрасының доценті, саяси ғылымдар кандидаты. 1997 жылы Ресей СІМ ММХКИ (У) халықаралық ақпарат (халықаралық журналистика) факультетін бітірді, 2000 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. Философия кафедрасында философия, дипломаттарға арналған практикалық психология, антропология пәндерінен сабақ береді. Ресей философиялық қоғамының мүшесі. Ғылыми коммуникация, ғылыми журналистика, ғылым философиясы, мәдениет философиясы, діни философия және этика мәселелеріне маманданған.
Email: svetamedvedeva@mail.ru

■ **Андатпа.** Мақалада Ресей мен Қазақстанның экономика мен саясаттың өзара қарым-қатынас мәселелері сыртқы саясатты талдау әдіснамасын (foreign policy analysis) пайдаланып қарастырылады. Сондай-ақ синтез және тарихи әдіс қолданылады. Мақалада Ресей-Қазақстан қарым-қатынасының эволюциясы қа-

дағаланады, ЕурАзЭҚ мен Кеден одағын құру талданады. Қазақстанның осы интеграциялық жобаларды құрудағы айрықша рөлі атап өтіледі. Ресей-Қазақстан қатынастарының көші-қон өлшемі бөлек талданады. Көші-қон, бір жағынан, елдер арасындағы мәдени және әлеуметтік алмасуға ықпал етеді, бірақ сонымен бірге белгілі бір саяси қиындықтар туғызады. Мәтінде сондай-ақ Ресей мен Қазақстан арасындағы белгілі бір алшақтықтар талданады. Бірінші кезекте, бұл – тарихи жад пен символдық саясаттың мәселелері, сондай-ақ тіл саясаты мәселелері. Алайда Ресей мен Қазақстан арасында таза экономикалық қайшылықтар да бар. Дегенмен, қарама-қайшылықтарға қарамастан, Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы саясатта да, экономикада да тұрақты негізге ие.

■ **Түйінді сөздер:** сыртқы саясат, Ресей-Қазақстан қатынастары, экономикалық ынтымақтастық, интеграциялық жобалар, Кеден одағы, ЕурАзЭҚ.

■ **Кіріспе.** Ресей-Қазақстан қатынастары саяси зерттеушілердің, экономистер мен тарихшылардың ой-пікіріне негізделген. Ғылыми талқылауда осы тақырып бойынша айтарлықтай жұмыс көлемі бар. Ең алдымен, К.Е. Мещеряковтың 1990-шы жылдардағы Ресей-Қазақстан қатынастарының серпінін талдауға арналған мақаласын атап өткен жөн [1]. Ұқсас зерттеуді А.В. Белоглазов жүргізді [2]. Ресей-Қазақстан қатынастарының экономикалық аспектісін М.А. Положихина зерттейді [3]. Т.Б. Сарбаев еуразиялық интеграция аясында Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы мәселесін зерттейді. Ресей мен Қазақстанның ғарыш саласындағы (Байқоңыр ғарыш айлағы) ынтымақтастығын талдайтын А.В. Ковалеваның мақаласы ерекше қызығушылық тудырады [4]. Ақырында, пандемияның Ресей-Қазақстан қатынастарына әсерін И. Ақылбаев бағалайды [5]. М. Жанталеева Ресей-Қазақстан әріптестігінің Каспий маңы өңіріндегі тұрақтылыққа елеулі әсерін көрсетеді [6]. В.Г. Ярославцев экономикалық жаңғыртуға баса назар аударады және Ресей-Қазақстан қатынастарын жаңғырту императивтеріне сүйене отырып бағалайды [7]. Ақырында, А.М. Шаламова Ресей мен Қазақстанның құқық қорғау саласындағы серіктестігін зерттейді [8].

■ **Зерттеу әдістері.** Мақалада тарихи әдіс және «сыртқы саясатты талдау» әдісі белсенді қолданылады [9].

■ **Нәтижелер.** Ресей мен Қазақстанды саяси және экономикалық саладағы тығыз қарым-қатынас байланыстырады. Елдер Еуразиялық экономикалық интеграция саласында өзара белсенді әрекеттеседі. Қазақстанның бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы ММУ-да сөйлеген сөзінде жаңа интеграциялық бірлестік – Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясын ұсынды. Кейіннен Назарбаев бұл идеяны бірнеше рет қайталап, оны өз елінде де, халықаралық деңгейде де қорғай білді. Қазақстан Президентінің осы ұсынысынан бірнеше жыл өткен соң, Кеден одағын құрудың алғашқы әрекеті жасалды. 1996 жылдың ортасына қарай Кеден одағын құратын құжаттар пакеті дайындалды. Алайда тараптар арасындағы белгілі бір экономикалық қарама-қайшылықтарға байланысты қол қойылмады – елдер еркін сауда режимінен тарифтік және тарифтік емес

өндірулердің жалпы тізбесін келісе алмады.

Кеден одағының идеясы 2006 жылы қайта жанданды. Шешім ЕурАзЭҚ кеңесінде үш елдің – Ресей, Қазақстан және Белоруссияның қатысуымен Социде өткен саммитте қабылданды. Тараптар бірыңғай кедендік тарифті пайдалануға және үшінші елдермен сауданы реттеудің бірыңғай шараларын қолдануға уағдаласты. Қазақстан Кеден одағын құру идеясын қызу қолдады және осы интеграциялық жобаны құруға дайындық бойынша заңдық және экономикалық қиындықтардың бір бөлігін өз мойнына алды. 2009 жылғы қаңтарда Қазақстан Парламентінің Сенаты Ресей және Белоруссиямен Кеден одағын құру жөніндегі келісімдер пакетін ратификациялады. 2009 жылғы мамырда ЕурАзЭҚ Бас хатшысы (және Қазақстанның өкілі) Тайыр Мансұров Назарбаевқа үш ел барлық қажетті құжаттардың 90%-ға жуығын келіскенін хабарлады. Сондай-ақ, ол қалған құжаттарды келісу бойынша келіссөздер жүріп жатқанын айтты.

Кеден одағы құрылғаннан кейін Қазақстан осы интеграциялық жобаның қызметіне белсенді қатысуын жалғастырды. Тек 2010 жылдан 2012 жылға дейін бір тараптан Қазақстан және екінші тараптан Ресей мен Беларусь арасындағы тауар айналымы екі есе өсті. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 19,6 миллиард долларды құрады. Бұл ретте Ресейдің Қазақстанға экспорты 14 миллиард долларды, ал Қазақстанның Ресейге импорты 5,56 миллиард долларды құрады. Ресейдің негізгі экспорттық баптары – машиналар, жабдық, көлік құралдары, аппараттар, металдар мен олардан жасалған бұйымдар, химия өнеркәсібі өнімдері, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер өнімдері [10].

Айта кету керек, ортақ кеден кеңістігін құру бағаның біршама өсуіне алып келгеніне қарамастан, Кеден одағының идеясы Қазақстандағы қоғамдық пікір тарапынан кеңінен қолдау тапты. 2013 жылы жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың деректері бойынша Қазақстан тұрғындарының 67%-ы Қазақстанның Кеден одағына қатысуын оң көзқараспен бағалады.

Қазақстанның бұрынғы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан экономикасының міндетті түрде Кеден одағына кірігуіне бірнеше рет назар аударды. Мысалы, 2013 жылғы қазанда Астанада Назарбаев Қазақстан Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөз сөйлеп, Қазақстанның ішкі нарығының көлемі шектеулі екенін атап өтті. Қазақстан экономикасының өсу көзі Кеден одағына кірігу және жаңа нарықтарды игеру, нарықтық кеңістікті кеңейту болуы мүмкін, «сондықтан біз қазір Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы айтып отырмыз...» [11].

Соңғы уақытта Ресей мен Қазақстан арасындағы экономикалық қатынас – тар жаңа – көші-қон өлшеміне ие болды. Айта кету керек, саяси дискурста көші-қон мәселесі екіұштылыққа ие. Бірінші кезекте, адамдардың кетуі – Ресей мен Қазақстан арасындағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы белгілі бір сәйкессіздіктің айғағы (ол бірте-бірте теңеседі, өйткені Қазақстан жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің Ресейден кейінгі екінші көрсеткішіне орнықты шықты). Екіншіден, негізінен, солтүстік және шығыс өңірлердің тумалары кетеді, бұл Қазақстанның халқы көп оңтүстік пен елсіз солтүстігі арасында сәйкессіздік туғызады, сондай-ақ кететін орыс тілділер мен орыстардың үлесі жоғары. Үшіншіден, Қазақстан Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда демографиялық өсудің төмен қарқынымен ерекшеленеді. 1991 жылы Қазақстан халқының саны 16,3

миллион адам болса, 2017 жылғы мәліметтер бойынша тұрғындарының саны 18 миллион адамды құрады. Салыстыру үшін, Өзбекстанда осы кезеңде халық саны 19 миллион адамнан 32 миллион адамға дейін өсті.

Росстаттың мәліметінше, 1997-2015 жылдар аралығында Қазақстаннан Ресейге 1,4 миллион адам келген. Қазақстанға Ресейден 300 мыңға жуық адам көшіп келді. Көші-қон сальдосы – 1,1 миллион адам – Қазақстан үшін аса сезімтал сан. Қазақстан үшін білім беру көші-қоны ерекше проблема болып табылады, онда жастар Ресейде білім алуға барады, содан кейін сол жерде жұмыс істеуге қалады. ЖЭМ мәліметтері бойынша 2015/2016 оқу жылының басында Ресейде 237,5 мың шетелдік студент оқыған [13]. Оның 79%-ы – ТМД елдерінің студенттері. Оның 36%-ы – Қазақстан студенттері. Басқаша айтқанда, қазақстандықтар – РФ-дағы әрбір төртінші шетелдік студент.

Бұл ретте көші-қон өсуінің, сөзсіз, оң әсері бар – екі мемлекет арасындағы мәдени және экономикалық байланыстардың күшеюі.

ЕАЭО іске қосылғаннан кейін бірден дерлік қол жеткізілген екі елдің ықпалдасу деңгейін, мысалы, келесі жағдай көрсетеді. 2013 жылғы қарашада Ресей мен Қазақстан өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Владимир Путин мен Нұрсұлтан Назарбаевтың кездесуі өтті. Мемлекет басшылары екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері мен проблемаларын, сондай-ақ түрлі интеграциялық жобалар шеңберіндегі өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады. Оның ішінде, отын-энергетика, ғарыш, атом және ауыл шаруашылығы салаларындағы әріптестікті кеңейту мәселелері көтерілді. Владимир Путин форумның Ресей мен Қазақстан арасындағы серіктестікті нығайту үшін маңыздылығын атап өтті. Өз кезегінде, Назарбаев өнеркәсіптік кооперация Ресей мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытудың негізгі бағыты болып табылатынын атап өтті. Ол екі елден – тау-кен металлургия кешені, уран және химия өнеркәсібінен табысты бизнес кооперациясының мысалдарын келтірді. Мәселен, Қостанай облысы Ресейдің металлургиялық кәсіпорындарына шекемтастар жеткізеді, ал Павлодар облысы алюминий шикізатын жеткізеді. Назарбаев «Евраз Холдинг» ресейлік компаниясы Қостанайда прокат зауытының құрылысын аяқтап жатқанын атап өтті. Назарбаев атаған зауыт 2013 жылғы желтоқсанда іске қосылып, 2014 жылы «Жыл жобасы» номинациясында «Алтын Гефест» сыйлығына ие болды [14]. Назарбаев сол кезде Қазақстан аумағында жалпы сомасы 6 миллиард доллар болатын 50-ден астам ресейлік-қазақстандық жоба іске асырылғанын немесе іске асыру жоспарланғанын мәлімдеді. Сонымен қатар, ол қосылған құны жоғары өндірісті дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшылары белгілеген өнеркәсіптік ынтымақтастық бағыты белсенді іске асырылды. 2013 жылғы желтоқсанда Мәскеуде еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының екінші отырысы өтті. Отырыс барысында 2013 жылы технологиялық платформаларды қалыптастырудың бірінші кезеңінің қорытындылары шығарылып, 2014 жылы оның жұмысын одан әрі ұйымдастыру қаралды. Еуразиялық технологиялық платформалар шеңберінде бірлескен жобаларды қаржыландырудың ықтимал тетіктерін құру талқыланды. Сондай-ақ ресейлік және қазақстандық технологиялық платформалар негізінде басқа бағыттарды қалыптастыру жөнінде шешім қабылданды.

Бірақтар мән-жайларға байланысты Ресей мен Қазақстан үшін қалыптасқан қиындықтарға қарамастан: энергия тасымалдаушыларға бағаның төмендеуі,

санкциялар мен қарсы санкциялар, жаһандық корона дағдарысы – екі экономиканың бұрын қол жеткізілген өзара іс-қимыл деңгейі сақталып отыр.

Қазіргі уақытта тараптар экономикалық ынтымақтастықты белсенді дамытуда. 2021 жылдың қорытындылары бойынша Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 23 миллиард долларды құрауы мүмкін, бұл пандемияға дейінгі кезеңдегі цифрлардан асып түседі [15]. Ресей тауар айналымы (20%) және Қазақстанға импорт (34%) бойынша бірінші орында. Сондай-ақ Ресей қазақстандық экспорт құрылымында үшінші орын алады.

2019 жылғы деректер бойынша Ресей Қытай, Швейцария, АҚШ және Нидерландымен қатар тікелей инвестициялар көлемі бойынша Қазақстан экономикасының үздік-5 инвесторының қатарына кіреді [16]. Қазақстанда капиталда Ресейдің қатысуымен 7 мыңнан астам кәсіпорын және 3 мыңнан астам ресейлік-қазақстандық бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Қазақстанда ресейлік ірі компаниялар – Росатом, Роснефть, Газпром, Лукойл, Сбер, Русал, Северсталь, Мечел, ВТБ және т.б. мемлекеттік корпорациялар жұмыс істейді.

Отын-энергетика саласындағы ынтымақтастық барынша тығыз дамуда. Ресейлік мұнай-газ корпорациялары Теңіз, Қарашығанақ және Королевское кен орындарын игеруге қатысады. Қазақстандық мұнайдың $\frac{3}{4}$ бөлігі Ресей арқылы экспортқа шығарылады. Өз кезегінде, Қазақстан арқылы Ресей мұнайының ҚХР-ға транзиті өтеді. Лукойл компаниясы мен қазақстандық ҚазМұнайГаз корпорациясы арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Әл-Фараби» кен орнын игеруге қатысты келісімге қол қойылды.

Бұл ретте Қазақстанның Ресеймен сыртқы сауда балансында теріс сальдо сақталып отыр. Бұл – ортақ нарықтар пайда болғаннан кейін туындаған ұзақ уақытқа созылған мәселе. Жағдайды теңестіру үшін Қазақстан Ресей Федерациясына ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайтуы мүмкін. Кеден одағы құрылғаннан кейін туындаған тағы бір проблема бірқатар тауарларға бағаның өсуі болды.

Белсенді инвестициялық ынтымақтастық жалғасуда. 2020 жылдың 9 айында ресейлік инвесторлар Қазақстанда 100 миллион долларлық жобаларды жүзеге асырды. Жүзеге асырылған жобалардың ішінде Весенне-Аралчинское кен орнында жерасты мыс-мырыш кенішінің құрылысын бөлек атап өткен жөн. Сондай-ақ, «Хевел» компаниялар тобының қуаттылығы 100 МВт күн электр станциясының құрылысын атап өту керек.

2020 жылдың шілдесінде Еврохим компаниясы жылына 1 миллион тонна тыңайтқыш өндіретін минералды тыңайтқыштар зауытын салу туралы үкіметаралық келісімге қол қойды. Жобаға салынған инвестиция 1,2 миллиард долларды құрайды. Петербург трактор зауыты Қостанай трактор зауытының базасында «Кировец» тракторларының өндірісін жолға қоюда. 2025 жылға қарай Қостанай трактор зауыты жылына 3 мыңға дейін трактор шығара алады.

2020 жылдың қыркүйегінде KamLitzKZ шойын құю зауытының құрылысы басталды. Бұл – ресейлік КамАз компаниясының жобасы, инвестиция көлемі 200 миллион долларды құрайды.

Ақырында, Татнефть және Аллюр қазақстандық компаниялар тобы Қазақстанда шина шығаратын бірлескен кәсіпорын құруға келісті.

Өз кезегінде, Қазақстанның инвесторлары Ресей экономикасының өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп, АӨК, тамақ өндірісі, қонақ үй бизнесі және логистика сияқты салаларына инвестиция салуда. Мысалы, 2018 жылы KAZ Minerals ком-

паниясы «Баимская» мыс кен орнын 900 миллион долларға сатып алды. Жобаға жалпы инвестиция 6 миллиард долларға дейін жетеді деп болжануда.

Ресей мен Қазақстан арасындағы әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық өңірлік деңгейде де дамып келеді. Бірінші кезекте, әңгіме шекара маңы ынтымақтастығы туралы болып отыр. Ресей мен Қазақстан әлемдегі ең ірі құрлықтық шекараға ие, оның ұзындығы 7500 км-ден асады (АҚШ-Канада шекарасынан кейінгі екінші шекара, бірақ ол оңтүстікте де, Аляскада да жүреді).

Шекара маңындағы өзара қарым-қатынасты құқықтық реттеу Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының шекара маңындағы облыстарының ынтымақтастығы туралы 1995 жылғы 26 қаңтардағы келісімге қол қоюдан басталады. Бұдан әрі шекара маңы ынтымақтастығының ең маңызды аспектілері Шекара маңы ынтымақтастығының 1999-2007, 2008-2011, 2012-2017 жылдарға арналған бағдарламалары, 2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы ҚР мен РФ арасындағы шарт, Ресей мен Қазақстанның гуманитарлық саладағы ынтымақтастық бағдарламасы сияқты құжаттарда белгіленді [17]. Шекара маңы ынтымақтастығының жаңа тұжырымдамасына 2019 жылы қол қойылды [18]. Айта кету керек, Ресей мен Қазақстан арасындағы шекара маңы ынтымақтастығы қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де дамып келеді. Мәселен, 2013 жылғы желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Мәскеу облысымен шарт жасасты, оған сәйкес Мәскеу облысы қазақстандық ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін логистикалық орталықтар салу үшін жер учаскелерін бөледі. Облыс әкімі Асқар Мырзахметов қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстандағы ауыл өнімдерін өндірушілердің басты мәселесі өндіріс емес, өнімді тиімді бағамен сату екенін атап өтті. Сондықтан әкімдік Кеден одағы аясында іскерлік байланыс орнату жұмыстарын жүргізді. Екатеринбург пен Сібірде логистикалық орталықтар құрылысы жоспарланды.

2010 жылы Челябинь облысы мен Қазақстан арасында жол құрылысы басталды. Алайда, Қазақстанның Кеден одағына кіруінің арқасында құрылыс жеделдеді. Бастапқыда Андреевский елді мекеніне дейін жол тарту жоспарланды (ұзындығы – 14 шақырым). Бірақ кейінірек Қазақстан шекарасына дейін асфальтталған тас жолын салу туралы шешім қабылданды (ұзындығы – 27 шақырым). Жобаға салынған инвестиция 100 миллион рубльді құрады.

Алтай өлкесі мен Қазақстан арасында ынтымақтастық артып келеді. Жалпы шекара 800 шақырымнан асады, сондықтан Алтай мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстар нығайып келеді. 2013 жылы Алтай өлкесінде Қазақстан капиталының қатысуымен 15 компания жұмыс істеді. Бұл ретте Алтай өңірінің экономикасына жалпы шетелдік инвестициялардағы қазақстандық капиталдың үлесі 36%-ды құрады. Өз кезегінде, Қазақстанға Алтай өлкесінен экспортталатын барлық машина жасау өнімінің 60%-ы келді [19]. Кедендік бақылауды алып тастағаннан кейінгі бірінші жылы Алтай өлкесі мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 10%-ға артқанын атап өткен жөн.

Осы орайда Алтай өңірінің үш шекаралас ауданының Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданымен ынтымақтастық туралы шартқа қол қоюы маңызды оқиға болды [20]. Бұл келісім муниципалитеттердің қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Шарттар аясында ағаш өңдеу өнеркәсібінде, ауылшаруашылық секторда және агроөнеркәсіптік кешенде бірлескен кәсіпо-

рын құру жоспарланған болатын. Сондай-ақ, осы аумақтарға туристерді тарту бойынша жұмысты жандандыру жоспарланды.

Ресей мен Қазақстанның қауіпсіздік саласында тығыз ынтымақтастығы бар. Екі ел де ҰҚШҰ мүшесі болып табылады, оның үстіне қазақстандық тараптың ұсынысы бойынша жақында ҰҚШҰ Бас хатшысының ротациялық тағайындауы енгізілді (бұған дейін Бас хатшы болып Ресей өкілі Николай Бордюжа тағайындалды). АҚШ-тың Ауғанстаннан кетуі және осы елдегі тұрақсыздық Ресей мен Қазақстанның әскери-саяси өзара іс-қимылының өзектілігін екіжақты негізде де, ҰҚШҰ шеңберінде де арттырады.

Сонымен қатар Ресей мен Қазақстан арасында белгілі бір карама-қайшылықтар бар, оларды әзірге шешу мүмкін емес. Біріншіден, екі елдің экономикалық модельдері ұқсас екенін атап өткен жөн, яғни ҚХР мен ЕО нарықтарында олар серіктес емес, бәсекелес ретінде әрекет етеді. Экономикалық модельдің ұқсастығына байланысты Ресей мен Қазақстанда бір-бірін толықтыра алатын сегменттер жоқ. Бұл ретте көмірсутектер нарығы туралы ғана емес, шикізаттық емес экспорт туралы да сөз болып отыр. Ресейлік және қазақстандық компаниялар бірдей нарықтық тауашалар үшін күреседі. Бұл бәсекелестік елдер арасындағы өзара түсіністіктің өсуіне ықпал етпейді.

Екіншіден, Ресей мен Қазақстанда қандай да бір тарихи оқиғалардың (мысалы, 2014 жылғы наурыз оқиғаларының) идеологиясы мен оларды бағалауға қатысты әр түрлі көзқарастар бар. Қазақстан өзін американдыққа қарсы риторикадан алшақтатуға тырысады және Ресейдің сенімді экономикалық серіктесі бола отырып, бұл ретте өзінің сыртқы саяси басымдықтары бар егемен мемлекет екенін көрсетуге тырысады. Айта кету керек, Қазақстанда (әсіресе, жастар арасында) ұлттық-патриоттық идеология танымалдығы арта түсуде. Бұл дегеніміз, символдық саясат, тарихи жад, идеология және т.б. туралы қызу пікірталастар жүретінін меңзейді. Мемлекеттік Думаның депутаты Вячеслав Никоновтың «Қазақстан аумағы – Ресей тарапынан үлкен сыйлық» деп мәлімдеген сөздерін мысал ретінде келтіруге болады [21]. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі Ресей дипломаттарына наразылық нотасын табыс етті, ал Қазақстан Президенті Тоқаев «Егемен Қазақстан» журналында Никоновтың позициясын сынаған мақала жариялады. Мұндай шүйлігу болашақта күшейе түсетін сияқты. Сонымен қатар, тарихи жад мәселелері ұлтшылдық картаны ойнағысы келетін саяси популистердің қолында қару болады деген қауіп бар.

Бұл даулардың жеке өлшемі – тіл саясаты. Бір жағынан, Қазақстан посткеңестік кеңістікте халық арасында орыс тілін барынша меңгерген елдердің бірі болып табылады. Халық санағының деректері бойынша, Қазақстан халқының 80%-ы орыс тілінде сөйлейді [22]. Сонымен бірге орыс тілінде оқитын оқушылар саны артуда. Егер 2013-2014 оқу жылында олардың саны 808 мың болса, 2020-2021 оқу жылында бұл көрсеткіш 1 миллионды құрады [23]. Осыған қарамастан, Қазақстан Үкіметі қазақ тілін латын графикасына ауыстыру бағытын өткізуде. Қазақстанның мемлекеттік органдарындағы құжат айналымының 90%-дан астамы қазақ тілінде. Осылайша, Қазақстан өзінің тәуелсіз тіл саясаты бар егемен мемлекет екенін атап көрсетеді. Өз кезегінде, Ресейдегі көптеген сарапшылар қазіргі уақытта елдегі тілдік жағдай туралы сыни пікір білдіруде.

Қазіргі уақытта геосаяси тұрғыдан алғанда Қазақстанның сыртқы саясаттың көп векторлығына деген қызығушылығының және осы екі құрлықтық державаға АҚШ-тың (олардың ұжымдық Батыс тұлғасындағы одақтастарымен бірге) өсіп келе жатқан текетіресі жағдайында Ресей мен Қытайдың Орталық Еуразиядағы артып келе жатқан ықпалының арасында белгілі бір қайшылық бар. Алайда Қазақстан бұрын өзінің сыртқы саясатының әр түрлі векторларын теңдестіре білген (мысалы, Нұр-Сұлтан Ресей мен Түркия арасында тиімді делдал болды, Украина мәселесі бойынша Мәскеу мен ұжымдық Батысқа өзінің делдалдық қызметтерін ұсынды және т.б.). Үлкен дипломатиялық тәжірибесі бар Президент Тоқаевтың сайлануы әлемдік саясаттағы өсіп келе жатқан белгісіздік пен турбуленттілік жағдайында Қазақстанның көп векторлы саясатты тиімді іске асыруды жалғастыруының кепілі бола алады.

Ресейде көптеген сарапшылар қазақстандық элита ұрпақтарының ауысуы Ресей-Қазақстан қатынасындағы көптеген жетістіктердің жоғалуына әкеледі деп қауіптенеді. Алайда, Қытай мен АҚШ қарым-қатынасында қалыптасқан геосаяси жағдайды, сондай-ақ Орталық Азияда өсіп келе жатқан тәуекелдерді ескере отырып, қазір Қазақстан-Ресей қатынастарын сақтау мен дамытуға балама жоқ сияқты.

■ **Қорытынды.** Қорытындылай келе, әлемдік саясаттың шиеленісуі жағдайында Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы жоғары тұрақтылықты сақтап отырғанын атап өткен жөн. Оларда қуатты экономикалық негіз және Орталық Еуразиядағы халықаралық қатынастар құрылымымен байланысты қомақты геосаяси құрамдас бөлік бар. Экономикаға, тілге, тарихқа, демографияға, көші-қонға және т.б. байланысты проблемалар жеткілікті, оларды көпжақты да, екіжақты да сипаттағы өзара іс-қимылдың көптеген нысандары шеңберінде шешуге болады.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мещеряков, К.Е. Становление стратегического партнерства и союзничества в Российско-Казахстанских отношениях в 1991-1999 годах // *Научно-технические ведомости Санкт-Петербургского Государственного Политехнического Университета. Гуманитарные и общественные науки.* – 2012. – №4 (160). – С. 143-151.
2. Белоглазов, А.В. Формирование и развитие Российско-казахстанских отношений в первой половине 1990-х годов // *Ученые записки Казанского Государственного Университета. Серия: гуманитарные науки.* – 2009. – №1. – С. 191-205.
3. Положихина, М.А. Российско-Казахстанские экономические отношения // *Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 2: Экономика. Реферативный журнал.* – 2019. – №1. – С. 227-237.
4. Ковалева, А.В. Российско-Казахстанские отношения в связи с развитием космодрома «Восточный» // *Постсоветский материк.* – 2020. – № 4(28). – С. 17-25.

5. Пандемия перемен: между геополитикой и обществом. Взгляд из Казахстана [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/pandemiya-regeten/> (дата обращения: 30.09.2021)
6. Джанталеева, М. Российско-Казахстанские отношения как один из факторов стабильности в Прикаспийском регионе // Россия и мусульманский мир. – 2014. – № 5(263). – С. 71-79.
7. Ярославцев, В.Г. Российско-Казахстанские отношения в условиях модернизации // Наука XXI века: теория, практика, перспективы. – 2015. – С. 62-64.
8. Шаламова, А.Н. Российско-Казахстанские отношения: совместные мероприятия в правоохранительной сфере / С.А. Карнович, П.А. Капустюк, Н.Ю. Жигалов // Деятельность правоохранительных органов в современных условиях: Сборник материалов 20-й международной научно-практической конференции. – 2015. – С. 92-95.
9. См. например Morin, Jean-Frederic, and Jonathan Paquin, *Foreign Policy Analysis: A Toolbox*, Palgrave, 2018. M. Clarke, 'The Foreign Policy System: A Framework for Analysis', in M. Clarke and B. White (eds) *Understanding Foreign Policy: The Foreign Policy Systems Approach* (Cheltenham: Edward Elgar 1989), pp. 27-59.
10. Товарооборот между Россией и Казахстаном в 2019 году [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.sputnik.kz/infographics/20200212/12829821/tovarooborot-russia-kazakhstan-2019.html> (дата обращения: 30.09.2021)
11. Реализуемая «Стратегия-2050» является важной задачей, рассчитанной на два-три следующих поколения казахстанцев - Глава государства [Электронный ресурс]. URL: https://www.inform.kz/ru/realizuemaya-strategiya-2050-yavlyayetsya-vazhnoy-zadachey-rasschitannoy-na-dva-tri-sleduyuschih-pokoleniya-kazahstancsev-glava-gosudarstva_a2596707 (дата обращения: 30.09.2021)
12. Миграция из Казахстана в Россию: сколько, кто и почему [Электронный ресурс]. URL: <https://regnum.ru/news/society/2304708.html> (дата обращения: 30.09.2021)
13. <https://ioe.hse.ru/data/2016/08/04/1119531130/%D0%A4%D0%9E7.pdf>
14. ЕВРАЗ Каспиан Сталь [Электронный ресурс]. URL: <https://kaz.evraz.com/ev/> (дата обращения: 30.09.2021)
15. Казахстан и Россия рассчитывают довести товарооборот до \$20 млрд в 2021 году [Электронный ресурс]. URL: <https://kursiv.kz/news/otraslevyye-temy/2021-08/kazakhstan-i-rossiya-rasschityvayut-dovesti-tovarooborot-do-20-mlrd-v> (дата обращения: 30.09.2021)
16. Пандемия укрепит связи соседствующих государств [Электронный ресурс]. URL: <https://plus.rbc.ru/news/5fd9c4d7a8aa9a3a0eb19a3> (дата обращения: 30.09.2021)
17. Приграничное сотрудничество Казахстана и России - генератор экономической интеграции [Электронный ресурс]. URL: https://www.inform.kz/ru/prigranichnoe-sotrudnichestvo-kazahstana-i-rossii-generator-ekonomicheskoy-integracii_a2196842 (дата обращения: 30.09.2021)

18. *Россия и Казахстан подписали концепцию приграничного сотрудничества* [Электронный ресурс]. URL:<https://ria.ru/20191107/1560685747.html> (дата обращения: 30.09.2021)

19. *Белусов: Расширение сотрудничества с Казахстаном для Алтайского края интересно и перспективно* [Электронный ресурс]. URL:<https://altai-ter.er.ru/activity/news/belousov-rasshirenie-sotrudnichestva-s-kazahstanom-dlya-altajskogo-kraja-interesno-i-perspektivno> (дата обращения: 30.09.2021)

20. *Три района Алтайского края заключили договоры о сотрудничестве с Казахстаном* [Электронный ресурс]. URL:https://fedpress.ru/news/polit_vlast/news_polit/tri-raiona-altajskogo-kraja-zaklyuchili-dogovory-o-sotrudnichestve-s-kazahstanom (дата обращения: 30.09.2021)

21. *Депутат Никонов объяснил свои высказывания о территории Казахстана* [Электронный ресурс]. URL:<https://tass.ru/politika/10241397> (дата обращения: 30.09.2021)

22. *Агентство республики Казахстан по статистике. Перепись населения Республики Казахстан 2009 года. Краткие итоги. Астана. 2010.*

23. *Официальные данные Министерства образования и науки Казахстан*

КӨП ПОЛЯРЛЫ ӘЛЕМДЕГІ АҚШ ПЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАР



ГРЕГОРИ ГЛИСОН

Джордж К. Маршалл атындағы Еуропалық қауіпсіздікті зерттеу орталығының қауіпсіздік саласындағы зерттеулер авторы, профессор.

Г. Глисон Өзбекстанның Қорғаныс министрлігінде АҚШ қорғаныс кеңесшісі ретінде қызмет етті (2018-2019). Ол Дэвистегі Калифорния университетінде «саясаттану» мамандығы бойынша докторантураны бітірді (1984). Глисон Нью-Палцтегі Нью-Йорк мемлекеттік университетінде (1985-1986), Майами университетінде (1986-1988) және Нью-Мексико университетінде (1987-2007) халықаралық қатынастардан сабақ берді. 2012 жылы құрметті профессор атағына ие болды.

Email: gleason@unm.edu

■ **Андатпа.** Қазақстан тәуелсіздік пен ұлттық егемендікке ие болғаннан кейінгі үш онжылдық ішінде Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан тұрақты және өзара тиімді екіжақты қарым-қатынасты сақтап қалды. Сыртқы саясат, әдетте, халықаралық қатынастардың кең ауқымында жүзеге асырылады. Алайда, бұл мақала мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастарды тар салада талдаумен әдіснамалық түрде шектеледі. АҚШ-тың Қазақстанға қатысты саясатының төрт хронологиялық кезеңі дәлелді түрде болжанады: қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейінгі импульс; 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғалардан кейінгі кезең, позицияның жаһандық өзгеруі және ресурстарды жаһандық қайта бөлу. Қазақстанның Құрама Штаттарға қатысты сыртқы саясатының төрт дәлелді кезеңі де болжанады: ден қою және қалпына келтіру; ұлттық қалпына келтіру; позициялардың халықаралық өзгеруі және теңгерімді қалпына келтіру. Екіжақты бағыттылық екі елдің сыртқы саяси басымдықтарын айқындайды. Осы әдіснамалық құралды пайдалана отырып қаралған тарихи кезеңдер АҚШ-тың халықаралық қауіпсіздік саласындағы жоғары басымдығын және Қазақстанның егемендігін нығайтудағы жоғары басымдығын көрсетеді. Екі елдің саяси мотивтері мүлдем өзгеше болды, бірақ айтарлықтай толықтыруды қамтамасыз етті. Осы мақалада болашақта осындай тепе-теңдікке қол жеткізу мүмкіндігі мәселесі көтеріледі.

■ **Түйінді сөздер:** Американдық сыртқы саясат; Қазақстанның сыртқы саясаты; дипломатия; әлемдік тәртіп; екіжақты қарым-қатынас; халықаралық қауіпсіздік; көп векторлы сыртқы саясат.

КІРІСПЕ. ҮШ ОНЖЫЛДЫҚ ТҰРАҚТЫ ҚАТЫНАСТАР

АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты қарым-қатынасты өзара маңызды деп сипаттауға болады. Вашингтонның көзқарасы бойынша, АҚШ-тың Қазақстанмен қарым-қатынасы бірнеше себептерге байланысты маңызды. Қазақстан маңызды геостратегиялық жағдайға ие. Қазақстан табиғи ресурстардың ірі өндірушісі мен экспорттаушысы, әлемдегі жетекші мұнай өндірушілердің бірі және әлемдегі ең ірі уран өндірушісі болып табылады. Қазақстан кеңес дәуіріндегі ядролық арсеналдан бас тартуда теңдесі жоқ көшбасшы және ядролық қаруды таратпау жөніндегі кейінгі шараларда әлемдік көшбасшы болды. Қазақстан саясаттың жеті негізгі басымдығын: ұлттық қауіпсіздікті; ішкі саяси тұрақтылықты; нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуді; денсаулық сақтау мен білім беруді жақсартуды; энергияны тиімді пайдалануды; көлік пен байланыс салаларын жақсартуды; мемлекеттік басқаруды кәсібилендіруді қабылдап және өте тиімді іске асыра отырып, саяси жаңғырудың алғашқы және маңызды жақтаушыларының бірі болды [1]. Қазақстан өте табысты дипломатиялық әлеуетті дамытты.

Қазақстан тұрғысынан алғанда, Америка Құрама Штаттары бірқатар халықаралық институттар желісінде тұрақтандырушы күш ретінде маңызды рөл атқарды. Ондаған жылдар бойы Америка Құрама Штаттары әлемдегі ең ірі ұлттық экономикаға жауап берді және шикізаттан бастап озық технологияларға дейін тауарлар мен қызметтердің кең спектрін ірі өндіруші, тұтынушы, импорттаушы және экспорттаушы болды. Америка Құрама Штаттары әлемдегі ең үлкен әскери шығындарды қолдады, негізгі халықаралық институттардың, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші мүшесі болды.

Америка Құрама Штаттары әлемдегі ең ірі қауіпсіздік альянсында, НАТО-да жетекші рөл атқарды, сонымен қатар басқа ұқсас аймақтық халықаралық қауіпсіздік коалицияларында басты рөл атқарды.

Осы және басқа да себептерге байланысты Құрама Штаттар да, Қазақстан да АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты қарым-қатынасты аса маңызды деп санады және санайды. АҚШ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай пайда болды және үш онжылдық бойы тұрақты әрі өзара тиімді күйде қала берді. Бірақ 2021 жылы әлем 1991 жылмен салыстырғанда мүлдем басқаша көрінеді. КСРО ыдырағаннан кейін қалыптасқан «кво мәртебесі» күмәндану мен өзгерту амалына ұшырауда. Әлемдік тәртіп өзінің табиғаты бойынша көп полярлы, бірақ қазіргі кездегі келіспеушіліктер деңгейі соңғы үш онжылдыққа қарағанда әр түрлі болуы мүмкін. Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының жаһандық деңгейде өсіп келе жатқан ықпалы көпжақты қатынастарға және соның салдарынан көптеген елдер арасындағы екіжақты қатынастарға қатысты жаңа мәселелерді көтереді. Жаңа технологиялардың, әсіресе кибернетикалық ақпарат пен автоматтандырылған қару-жарак жүйелерінің пайда болуы бұрынғы күштердің арақатынасын өзгертеді.

Тез өзгеретін халықаралық жүйеде геостратегиялық тірек нүктесінде бола отырып, Қазақстан орталық орынға ие және таяу жылдары ол жаһандық ауқымда аса маңызды рөл атқарады деп күтуге болады. Қазақстанның 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясатының тұжырымдамасы халықаралық қауіпсіздік жағдайларының тез өзгеруіне байланысты туындайтын сын-қатерлерді нақты айқындайды. «Қазақстанның сыртқы саясаты тұжырымдамасында» көпжақты қауіпсіздік институттарының функционалдығын төмендету және алдын алу дипломатиясы мен жанжалдарды реттеу тетіктерінің тиімділігін төмендету туралы айтылады. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық қоғамдастыққа туындайтын осы проблемаларды шешуге қабілетті саясатты қалыптастыру туралы ойлануды ұсынды [2].

Осы құжаттың шеңберінде автор халықаралық қауіпсіздік саласындағы проблемалардың кейбір аспектілеріне назар аударуды ұсынады. Мұнда қолданылатын әдістемелік құрал сыртқы саясат туралы ақпараттың кең спектрін әдейі шектейді және Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан арасындағы екіжақты қатынастарға ерекше назар аударады. Мақалада осы тәсілде қолданылатын әдістеме қысқаша түсіндіріледі. Содан кейін мақала Қазақстанды бейбітшілікке, өркендеуге және өзінің ұлттық егемендігін нығайтуға бейілді жаңа қалыптасып келе жатқан мемлекет ретінде қарастыратын Вашингтонның көзқарасы тұрғысынан АҚШ саясатын сипаттауға көшеді. Келесі бөлім Қазақстан астанасы – Нұр-Сұлтан қаласының саяси рөліне арналған (саяси шешімдер қабылдау орталығы ретінде – ред. ескерт.). Бұл бөлімде Нұр-Сұлтанның мақсаттары мен міндеттеріне баса назар аудара отырып, Америка Құрама Штаттарына қатысты жүргізіліп жатқан саясат талданады. Осы сауалнама негізінде құжатта екі елдің саясатын анықтайтын факторлар әр түрлі болды, бірақ бір-бірін толықтырды деген қорытынды жасалды.

Екіжақты қатынастарға баса назар аудару АҚШ пен Қазақстан арасындағы қатынастарға қатысты кейбір маңызды тұжырымдарға әкеледі. Тек екіжақты қарым-қатынастарға назар аудара отырып, АҚШ пен Қазақстанның халықаралық қатынастарына қатысты дәстүрлі емес пайымдар жасауға болады. Екі маңызды тұжырым бой көтереді: біреуі Вашингтонның уәждемесі тұрғысынан, екіншісі Нұр-Сұлтанның уәждемесі тұрғысынан.

Көптеген жылдар бойы Қазақстанға қатысты американдық сыртқы саясатты зерделейтін талдаушылар мен журналистерде АҚШ саясаты Қазақстанның жетекші шетелдік инвесторы – Chevron америкалық корпорациясының немесе ұлттық тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде Қазақстанның минералдық байлықтарына қол жеткізуді іздеген АҚШ-та орналасқан көптеген басқа коммерциялық корпорациялардың коммерциялық мүдделерін басшылыққа алды деген пікір қалыптасты. Талдау үстірт риторикалық мәлімдемелерге қарамастан, АҚШ-тың Қазақстанға қатысты саясаты жиі халықаралық қауіпсіздік тұрғысынан айқындалғанын көрсетеді. АҚШ-тың мұнай және минералдық секторлардағы коммерциялық мүдделері, сондай-ақ американдық экспортты ілгерілетуге үнемі қамқорлық жасау АҚШ-тың Қазақстанға қатысты саясатының маңызды элементі болды, бірақ олар әрқашан артта қалды немесе екінші дәрежелі ұстанымға ие болды. Американдық коммерциялық мүдделер ешқашан АҚШ-тың Қазақстанға қатысты саясатының жетекші элементі болған емес. Бірінші орында әрқашан халықаралық қауіпсіздік мүдделері болды.

Нұр-Сұлтанның Құрама Штаттармен екіжақты қарым-қатынасының уәждері тұрғысынан алғанда, тәуелсіздігінің алғашқы үш онжылдығы ішінде Қазақстанның ұзақ мерзімді гүлденуі қазақ ұлттық саясатының басты мақсаты болды. Бірақ бұл мақсатқа Қазақстан ұлттық егемендікті қамтамасыз етуде және қолдауда табысқа жеткен жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Қазақстанның ұлттық егемендігіне қол жеткізу және оны нығайту Қазақстанның ұлттық өркендеуінің қажетті шарты болып табылады.

ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАР – ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ «ЖІҢШКЕ ҚЫЗЫЛ БЕЛДЕУІ»

Мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастар қазіргі әлемдегі өзара іс-қимылдың және халықаралық қоғамдастықтағы қарым-қатынастың ең тікелей және дәйекті нысандарының бірі болып табылады. «Халықаралық қоғамдастықтың» дәстүрлі анықтамасы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүшелікті білдіреді. БҰҰ-да 193 мүше мемлекет тіркелген. Бұл мемлекеттер бір-бірімен, сондай-ақ жеке ұйымдармен және үкіметтік емес ұйымдармен екіжақты негізде, сондай-ақ басқа мемлекеттермен жеке және ұжымдық, көпжақты диалог мәнмәтінінде немесе көпжақты ұйымдар мәнмәтінінде тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

Тікелей екіжақты қатынастар мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылдан тұрады. Бұл — мемлекеттер өздерінің мүдделерін басқа субъектілердің делдал болуынсыз немесе араласуынсыз білдіретін негізгі арна. Екіжақты қатынастардың бірінші мақсаты — олардың серіктестерінің мүдделері мен мүмкіндіктерін үйлестіру. Екіжақты қатынастардың мақсаты халықаралық қатынастардың бір мемлекеттің ұлттық мүдделеріне толық сәйкес келуіне қол жеткізу болып табылатыны дұрыс емес. Халықаралық қатынастардың маңызды аспектілері тұрақты негізде басқа көпжақты арналар немесе форумдар арқылы қарастырылады. Кейде екіжақты қатынастар өзара әрекеттесудің басқа формаларымен немесе арналарымен салыстырғанда қосалқы рөл атқарады. Екіжақты пікірталастар барысында қаралмайтын шешімдер қабылдауда басымдықтар жиі туындайды. Кейде үшінші тараптармен қарым-қатынас екіжақты қатынастардан басым болады. Шынында да, кейде нәтижелер екіжақты арнаны жоққа шығаратын, төмендететін немесе мүлдем елемейтін факторлармен анықталады. Бірақ бұл диалог ретінде екіжақты қатынастардың ерекше рөлін төмендетпейді.

Келіссөздер үстелінде бір-біріне қарама-қарсы отырып, екіжақты диалогта әрбір тарап өз пікірін білдіріп, өз ұлттық ниетін танытып, ұлттық мүмкіндіктерін сипаттап және өзінің ұлттық мүдделеріне сүйене отырып, мақсаттар мен міндеттерін тұжырымдай алады. Сонымен қатар, әр тарап үстелдің екінші шетіндегі серіктесінің мүмкіндіктері мен ниеттерін бағалай алады. Сыртқы саяси шешімдер қабылдау, сөзсіз, рефлексивті болып табылады, өйткені мемлекеттердің өз мүмкіндіктері, ниеттері мен стратегиялары бар, бірақ олар ешқашан тек өз қалауы бойынша шешім қабылдамайды; олар әрқашан өздерінің әрекеттері серіктестің іс-әрекеттеріне қалай сәйкес келетіндігі негізінде шешім қабылдайды [3]. Екі аспект — мүмкіндіктер мен ниет — екіжақты пікірталастың жетекші факторлары.

Бұл, әрине, практикалық сұрақтар туғызады: Қазақстанның жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы кезінде халықаралық жүйеде істердің басым

жағдайы қандай болды? Америка Құрама Штаттарының мақсаттары мен саясаты қандай болды? Олар соңғы үш онжылдықта қалай дамыды? Осы кезеңдегі Қазақстанның мақсаттары, саясаты мен жетістіктері қандай болды? Олар өзгермелі халықаралық жүйеде қалай өзгеріп, дамыды? Бұл жалпы ескертулер болашақ екіжақты қатынастар үшін нені білдіреді?

АҚШ-ТЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАТЫСТЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы 1991 жылғы 16 желтоқсанда екіжақты әріптестіктің негізін салып, сонымен бірге, бүкіл әлем бойынша басқа елдерге Қазақстанды халықаралық қоғамдастықтың жеке, тәуелсіз және егемен мүшесі ретінде қабылдағаны туралы белгі бере отырып, толыққанды дипломатиялық қатынастар орнатты. АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер Қазақстанға 1992 жылдың басында келіп, Американың Қазақстандағы реформалар бағдарламасына бейілділігін атап өтті. 1992 жылы қаңтарда Вашингтонда өткен жана тәуелсіз мемлекеттерге көмек көрсету жөніндегі үйлестіру конференциясында АҚШ президенті Джордж Буш: «Орталық Азияда Президент Назарбаев реформалар үшін күресті басқарады,» — деп атап өтті. АҚШ Конгресі тәуелсіз Қазақстанға қаржылық қолдау көрсететін жаңа заңнаманы жедел қолдады¹. АҚШ 1992 жылғы наурызда Алматыда дипломатиялық өкілдікті құрды және көп ұзамай Орталық Еуразия аймағындағы ең ірі және ең ықпалды АҚШ елшілігін ашты². Алматы тез арада әлемнің барлық ірі елдерінің елшіліктері орналасқан аймақтағы ең маңызды дипломатиялық орталыққа айналды.

АҚШ үкіметі Қазақстанмен ашық қарым-қатынас орнатып, АҚШ-тың саясаты, мүдделері мен мақсаттары туралы жария ақпаратты тұрақты түрде беріп отырады. Қазіргі уақытта АҚШ-тың Қазақстанға қатысты екіжақты саясатының экономикалық және саяси аспектілерін егжей-тегжейлі сипаттайтын көптеген есептер ашық түрде қолжетімді³. Сол сияқты, С5+1 стратегиясы, АҚШ-тың Орталық Азияға арналған стратегиясы (2015) және «Америка Құрама Штаттарының Орталық Азия үшін 2019-2025 жылдарға арналған стратегиясы» тәрізді өңірлік серіктестер мәнмәтінінде АҚШ-тың Қазақстанға көзқарасы баяндалған құжаттар да қолжетімді [4].

¹ Бұрынғы Кеңес Одағын қарусыздандыру туралы 1992 жылғы заң, 22 U.S.C. 68 §§ 5901-5931, бұрынғы Кеңес Одағымен қарусыздану әрекеттерін үйлестіру үшін жасалған Америка Құрама Штаттарының Федералды заңы. 1993 қаржы жылына арналған ұлттық қорғанысты санкциялау туралы заң деп аталатын бұл заң Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігіне қару-жарақты қайта жабдықтау, химиялық қарусыздандыру және таратпау бастамаларын қолдау үшін заңнамалық өкілеттіктер берді.

² 1992 жылы қала қазақ тілінде жазылуына сәйкес өз атауын «Алматы» деп өзгертті.

³ АҚШ саясаты негізінен және федералды нормативтік мәртебеге сәйкес нарықтық жағдайлар мен адам құқықтары сияқты салалардағы маңызды саяси жағдайлар мен іс-әрекеттер туралы мерзімді есептер дайындайды. Соңғы жария есептерге «2021 жылғы қаржылық ашықтық туралы есеп: Қазақстан»; «2021 жылғы инвестициялық ахуал туралы мәлімдемелер: Қазақстан»; «2021 жылғы адам саудасы туралы есеп: Қазақстан»; «2020 жылғы халықаралық діни сенім бостандығы туралы есеп: Қазақстан»; «2020 жылғы адам құқықтары саласындағы практика туралы елдік есептер: Қазақстан» және «Есірткі және құқық қорғау органдары халықаралық істері жөніндегі бюро: Қазақстан бойынша түйіндеме» кіреді. Қазақстанға қатысты осы және басқа да көптеген есептерді АҚШ Мемлекеттік департаментінің веб-сайтынан және АҚШ Елшілігінің веб-сайтынан табуға болады. Үкімет дайындаған нақты елдер туралы барлық есептердің мақсаты - АҚШ Конгресінің мүшелерін, сондай-ақ жұртшылықты салыстыру және салғастыру мақсатында қазіргі жағдайлар туралы хабардар ету. Мақсат серіктес елдерге «Дәріс оқу» емес, ақпараттандырылған диалогқа жәрдемдесу үшін ашық, жалпыға қолжетімді ақпарат беру болып табылады. Бұл баяндамаларда екіжақты пікірталастар үшін пайдалы ақпарат берілген.

Бұл АҚШ-тың ресми саяси құжаттарында көрсетілмегенімен, АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты қатынастарға қатысты бақылаулардан бірқатар болжам жасауға болады. Ұйымдардың «кадрлар бәрін шешеді» деген ортақ қағидасы бар. Бұл жиі дипломатияға қатысты. Америка Құрама Штаттарының Қазақстанға берген басымдығы дипломатиялық миссия басшысын таңдауда көрінеді. Ұйымдас-тырушылық теорияның тағы бір ортақ қағидасы — саяси мақсаттар туралы риторикалық мәлімдемелерді әрқашан қаржылық міндеттемелермен салыстыра қарастыру керек.

Ақырында, АҚШ-тың Қазақстанға қатысты саясатын біртұтас оқу төрт бірізді кезең тұрғысынан түсіндірілуі мүмкін: қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейінгі импульс; 11 қыркүйектен кейінгі «жаһандық бейбітшілікке мәжбүрлеу»; жаһандық қайта бағдарлану және қарым-қатынасты қайта жүктеу кезеңі. АҚШ-тың Қазақстанның сыртқы саяси ниеті мен мүмкіндіктерін бағалауы Конгрестің зерттеу қызметінің шетелдік бағыттар бойынша мерзімді есептерін қамтиды⁴.

Негізгі дипломаттар тағайындалған елдегі мемлекет басшысына қызмет етеді. Жетекші дипломаттар мемлекет басшысы белгілеген саясатты жүргізеді, ал елшілер мемлекет басшысының басымдықтарын көрсете отырып, миссия басшысының функцияларын орындайды. 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін АҚШ мемлекеттік хатшысының кеңсесінде он бір адам болды. Олардың алғашқысы Джеймс Бейкер 1992 жылы Қазақстанға жеке сапармен келді, ал Лоуренс Иглбергер мен жақында тағайындалған және қазіргі уақытта жұмыс істейтін Энтони Блинкенді қоспағанда, кейінгі хатшылар Қазақстанға мемлекеттік сапарлар жасады. Сапармен келген мемлекеттік хатшылар Қазақстанды халықаралық қауіпсіздікке деген адалдығы, экономикалық ілгерілеуі және ұлттық егемендікті тұрақты ілгерілетуі үшін үнемі мадақтап отырды.

1992 жылғы тамызда Уильям Кортниден бастап қазіргі уақытта Уильям Мозерге дейінгі елшілер Қазақстанға тағайындалып, олардың тоғыз дипломатиялық қызметтің кәсіби тұрғыдан ілгері дамыған мансаптық қызметкерлері қатарынан ғана жүзеге асырылғаны — есте қаларлық оқиға. Елшілер деңгейіндегі тағайындаулар саяси немесе кәсіби дипломатиялық қызмет бойынша тағайындаулар болуы мүмкін. Әлемде 200-ге жуық елдік миссия бар. Елшілердің көпшілі халықаралық ұйымдарға және арнайы елшілер, үйлестірушілер және өкілдер сияқты лауазымдарға тағайындалады. АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі қызметін тек кәсіби дипломаттар ғана атқарғаны соңғы алты әкімшілік ішінде АҚШ-тың Ақ үйі Қазақстанға берген жоғары басымдықты көрсетеді.

Сыртқы саясаттың тағы бір маңызды аспектісі — қызметтің қаржылық құны саясаттың басымдықтарын қалай көрсететіні. АҚШ бюджеті, ең алдымен, сыртқы саясатты емес, Америка азаматтарының қауіпсіздігі мен өркендеуін қамтамасыз етуге арналған. Бірінші кезектегі басымдықтар — американдық басымдықтар. АҚШ-тың жыл сайынғы жоспарланған мемлекеттік шығындары сыртқы істер компоненті мен

⁴ АҚШ-тың Қазақстанмен екіжақты қарым-қатынасының қайнар көзі Конгрестің Зерттеу басқармасы (CRS) болып табылады, ол Конгресс мүшелері үшін есептер дайындайды. CRS клиенті - Конгресс, бірақ кейбір есептер CRS веб-сайтында (<https://crsreports.congress.gov/>) және EveryCRSreport серіктестік веб-сайты арқылы қолжетімді (<https://www.everycrsreport.com/>) «Қазақстан: АҚШ-тың соңғы оқиғалары мен мүдделері» сияқты баяндамалар. CRS № 97-1058 есебі (2013 жылғы 22 шілде) АҚШ-тың сыртқы саясатын бағалауда ашық терезе ұсынады.

қорғаныс компонентіне кіреді, бірақ қаржыландырудың басқа санаттары да айтарлықтай үлес қоса алады. АҚШ-тың қаржы жылы деп аталатын жылдық бюджеті (келесі жылдың қазанынан қыркүйегіне дейін) сыртқы істер, қорғаныс және ішкі істер министрліктерінің қажеттіліктерін ескере отырып жасалды. Қорғаныс компоненті сыртқы саясатқа қарағанда әлдеқайда үлкен бөлікті қамтиды. Байден әкімшілігінің 2022 қаржы жылына арналған бюджетінде жалпы шығындардың шамамен 46%-ы тікелей қорғанысқа тиесілі [5]. Бұл шығындар соның ішінде шетелдік қызметті қаржыландыруды білдіреді, бірақ олар сонымен қатар персонал мен әскери техниканың шығындары сияқты ішкі шығындарға айтарлықтай үлес қосады. Демек, бұл шығындар айтарлықтай ішкі компонентке ие.

АҚШ-тың сыртқы саясатқа шығындарын бағалаудың өте жеңілдетілген ережесі практикалық деңгейде жыл сайынғы қаржыландыру жиынтық басымдықтарды көрсетеді деп болжайды. Жалпы айтқанда, саясаткерлердің сыртқы проблемаларға салатын уақыт пен энергия басымдықтары келесідей бөлінеді. Шамамен 40%-ы ұлттық және халықаралық қауіпсіздікке арналған; тағы 40%-ы экономика мен саудаға бағытталған; шамамен 20%-ы адам құқықтары, білім беру, «жұмсақ күш» дәстүрлі доктринасының шеңберінде денсаулық сақтау және қызмет сияқты көптеген мәселелерді көрсетеді.

АҚШ-тың Қазақстанға қатысты саясаты төрт кезең бойынша бөлінген осы үш компонентті (қауіпсіздік, экономика, қалғанының бәрі) қамтиды. Бұл – қырғи қабақ соғыстан кейінгі өтпелі кезең; жаһандық терроризмге қарсы соғыс кезінде 11 қыркүйектен кейінгі құқықтық тәртіпті жаһандық қамтамасыз ету; Ирак пен Ауғанстаннан әскерлерді шығару кезіндегі позициялардың жаһандық өзгеруі және көп полярлы қоғамдастықта қазіргі «қайта жүктелу» кезеңі. Халықаралық қауіпсіздік компонентінің алғашқы үш кезеңде қаншалықты айқын үстемдік еткені таңқаларлық.

Кенес заманында ядролық қару объектілері КСРО бойынша таратылды [6]. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан 1410 ядролық октұмсықты, сондай-ақ Семей ядролық қару сынақ полигонын мұраға алды. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіз ел болған кезде Президент Назарбаевтың алғашқы ресми актісі ядролық қаруды сынауға дереу мораторий жариялау болды⁵. Жедел келіссөздер өзара келісімге алып келді, нәтижесінде Орталық Азия елдері АҚШ пен Ресей ынтымақтастығының негізінде бүркемелеу кепілдігін алды [7]. 1992 жылғы мамырда Қазақстан, Беларусь, Украина, Ресей және АҚШ өкілдері Лиссабонда стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту туралы шартқа бесжақты хаттамаға қол қою үшін кездесті. Сонымен қатар, Беларусь, Украина және Қазақстан ядролық қаруға ие посткеңестік мемлекеттер ретінде ядролық қаруды таратпау туралы шарт бойынша міндеттемелерді өзіне алды. Қазақстан ядролық кешенді қарусыздандыру және ядролық қаруды таратпау жөніндегі міндеттемелерді алу бойынша тарихи шешім қабылдады [8]. Кейінірек, 1994 жылы Қазақстан кәдеге жарату

⁵ 1991 жылғы 29 тамызда тәуелсіз және егемен Қазақстанның Президенті ретінде Назарбаевтың қол қойған бірінші Жарлығы Қазақстандағы ядролық қаруды сынауға мораторий енгізу болды.

үшін АҚШ-қа жарты тоннадан астам қару-жарақ плутонийін берді. 1995 жылы Қазақстан өзінің соңғы ядролық оқтұмсығын шешіп, АҚШ-тың көмегімен 2000 жылдың мамыр айында 181 ядролық сынақ туннелін саңылаусыздандыруды аяқтады. Қазақстан СНВ туралы шартқа (1992 жылы), Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (1993 жылы), Химиялық қару туралы конвенцияға және Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартқа (2001 жылы) қол қойды. 2009 жылғы наурызда Қазақстан Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру процесін басқарды. Қазақстан ядролық қару қаупін азайтуға көмектесу үшін ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Дәл осы кезеңде Пәкістан, Солтүстік Корея және Иран сияқты басқа елдер керісінше әрекет жасады. Қазақстан ядролық арсеналдың бар екендігі туралы жариялаған (Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа сәйкес), ядролық қаруды иеленуден бас тарту туралы өз еркімен шешім қабылдаған бірінші мемлекет болып табылатындығымен ерекшеленеді⁶.

Соңғы үш онжылдықта екі елдің әскери ведомстволары арасында белсенді алмасу болды. Қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты қарастыратын заңнамада АҚШ президентіне Конгрестің адам құқықтары мен саяси реформаның мақсаттарына қатысты кейбір шектеулерден бас тартуға мүмкіндік беретін ережелер бар [9]. Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары 2010 жылы өңірлік ынтымақтастықты, қауіпсіздікті, демократиялық реформаларды, экономикалық дамуды, энергетиканы, ғылым мен технологияны, сондай-ақ қарапайым азаматтар арасындағы байланыстарды қоса алғанда, бірқатар қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастыққа арналған шарттарды анықтап, «Стратегиялық әріптестік шеңберінде жыл сайынғы екіжақты консультацияларды (АВС)» іске қосты. АҚШ пен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестік туралы диалог мәнмәтінінде халықаралық қауіпсіздік мәселелерін екіжақты деңгейде талқылау жалғасуда.

Америка Құрама Штаттары шетелдік ядролық объектілерде электр энергиясын өндіру үшін ядролық отынның болуына кепілдікті қамтамасыз ету үшін МАГАТЭ Төмен байытылған уран банкі Қазақстанда орналастыру сияқты инновациялық шараларды қолдады. Бұл келісім ядролық қаруды таратпау қозғалысындағы маңызды қадам ретінде құпталды. Идеяның бастамашысы Нұрсұлтан Назарбаев ядролық жынды бөтелкеге қайта тығу үшін ұзақ уақыт жұмыс істеді. Назарбаев ядролық қарудың таралу қаупіне дәйекті түрде қарсы. Le Monde француз газетінде Назарбаев жақында Иран көшбасшыларына үндеу тастап, оларды ядролық менмендіктен бас тартуға және Қазақстанның даму стратегиясын ұстануға шақырды [10]. Назарбаев Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы Қазақстанның экономикалық және саяси дамуында маңызды әрі пайдалы рөл атқарғанын атап өтті.

⁶ Қазақстаннан басқа ядролық қаруды дамыту бағдарламаларынан бас тартқан өзге мемлекеттер бар. Мысалы, Оңтүстік Африка жабу алдында белгілі бір уақыт ішінде қару-жарақты дамыту бағдарламасын қолдады. Алайда Оңтүстік Африка бағдарламасы халықаралық келісімді бұза отырып, құпия бағдарлама болды. Қазақстанның Ядролық қаруы ядролық қаруды таратпау туралы шарт (ЯҚТШ) ережелерінің қолданылу аясына жатады. ЯҚТШ VI бабы барлық тараптарды ақыр соңында ядролық қаруды жоюға міндеттейді. Осылайша, Қазақстан алғашқы және жалғыз ресми жарияланған ядролық державе - ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың қатысушысы болды.

АҚШ саясатының екінші маңызды құрамдас бөлігі коммерциялық компонент болып табылады. АҚШ Қазақстанның коммунистік жүйеден нарықтық экономикаға көшуіне жәрдемдесуге ұмтылды. Қазақстандағы макроэкономикалық реформалардың көптеген бағыттары ерте басталды және басқа посткоммунистік елдер үшін үлгі ретінде өте табысты болды. Қазақстан үкіметі жеке экономиканы реттеудің құқықтық негізі мен жүйесін құру үшін үлкен күш-жігер жұмсады. Қазақстан үкіметі көп ұзамай айырбасталатын валютаға айналған теңге ұлттық валютасын енгізе отырып, ресейлік рубльден бас тартты. Чех моделіне негізделген жекешелендіру туралы заң 1993 жылдың аяғында қабылданды және 1996 жылдың аяғында көптеген ірі мемлекеттік активтерді жекешелендіру процесін жалғастырды. Үкімет ірі кәсіпорындарды, соның ішінде көптеген электр станциялары мен көмір шахталарын жеке секторға берді. Үкімет 1994 жылдың аяғында бағаның көп бөлігін ырықтандырды. Үкімет кіріс, шығыс және қарыз саясатын қоса алғанда, ақылға қонымды ақша-несие және салық-бюджет саясатын жасады. Үкімет халықаралық сауда мен шетелдік инвестицияларды белсенді түрде қолдады. Қазақстан еуразиялық экономикалық интеграцияны ынталандыру және саясатты халықаралық стандарттарға сәйкес үйлестіру бойынша күш-жігерде өңірлік көшбасшыға айналды [11]. Үкімет жеке банк және қаржы секторы үшін реттеуші құрылым құрды. Үкімет халықаралық стандарттарға сәйкес келетін мұнай және газ саласындағы экологиялық негізделген заңнаманы қабылдады. 2000 жылғы мамырда Қазақстан ХВҚ-ның 385 млн. доллар сомасындағы кредиттерін мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі үшін Халықаралық валюта қорының жоғары бағасын алды. 2002 жылдың наурыз айында АҚШ-тың сауда министрлігі Қазақстанды нарықтық экономикасы бар ел, осы мәртебеге ие болған алғашқы посткеңестік ел ретінде жіктеді⁷. Қазақстанның тәуелсіздік пен егемендік алу процесі ауыртпалықсыз болған жоқ, бірақ ол тез және, сайып келгенде, сәтті болды.

Қазақстан бүгінде 2019 жылы екіжақты сауданың жалпы көлемі 2 млрд. долларды құрайтын Америка Құрама Штаттарының маңызды сауда серіктесі болып табылады. Американдық компаниялар Қазақстанға мұнай-газ секторында шоғырланған ондаған миллиард доллар инвестициялады. Қазақстан қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруда прогреске қол жеткізді. АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты инвестициялық шарт және Қосарланған салық салуды болдырмау туралы шарт тиісінше 1994 және 1996 жылдардан бастап қолданылады. Қазақстан 2015 жылғы 30 қарашада Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болды. 2018 жылғы қаңтарда Президент Назарбаевтың АҚШ президенті Дональд Трамппен кездесуінде 7,5 млрд. доллар сомаға нақты коммерциялық келісімшарттардан тұратын бірқатар ірі сауда келісімдеріне қол қойылды. Ақ үйдің баспасөз хабарламасында сауда келісімдері мыналарға бағытталғанын атап

⁷ 2002 жылғы 26 наурызда АҚШ Сауда министрлігі Қазақстанның 2001 жылғы 1 қазаннан бастап нарықтық экономика ретінде жұмыс істейтінін белгіледі. Анықтама валютаның айырбасталуын, шетелдік инвестицияларды талдау, жалақының еркін мөлшерлемесін анықтау, мемлекеттік меншік немесе өндірісті бақылау және ресурстарды бөлуді мемлекеттік бақылау негізінде жасалды.

өтті (Қазақстанда Boeing ұшақтарын сатып алу; Қазақстанда General Electric 900 жаңа локомотивтерін құрастыру бойынша жұмыстарды бастау; Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторында АҚШ-пен одан әрі ынтымақтастық орнату) [12].

АҚШ Қазақстанның экономиканың нарықтың моделіне ауысуына ықпал етті, бірақ бұл процесті басқармады және коммерциялық мүдделер ешқашан ұлттық қауіпсіздік проблемаларының басты рөліне күмән келтірмеді.

Мұны бірнеше мысал дәлелдейді. Соның бірі – электр энергиясын өндіретін және тарататын AES компаниясымен болған жағдай. AES 1981 жылы құрылды және АҚШ-та орналасқан корпорация ретінде тіркелді. AES шет елдерде электр энергиясын өндіру мен таратуды сатып алуда және басқаруда көшбасшы болды. Кеңес дәуірінің ескірген өндіруші қуаттарын және электр энергиясын беру жүйесін жаңғырту жөніндегі өз күш-жігерінің шеңберінде Қазақстан үкіметі конкурстық сауда-саттық өткізу арқылы шетелдік капитал мен техникалық сараптаманы тарту бойынша бірқатар қадамдар жасады (Қазақстан Республикасының 1996 жылғы мамырдағы № 663 Қаулысы – «Электр энергетикасы секторын жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасы туралы»).

АҚШ үкіметі Қазақстанды жекешелендірудің бірінші кезеңі кезінде AES-тің қазақстандық нарыққа шығуын толық мақұлдады және бар ынтымақпен жәрдемдесті. AES және оның еншілес компаниялары ірі Екібастұз көмір электр станциясын, Өскемен және Согра жылу электр станцияларын, Өскемен және Шұлбі су электр станцияларын, сондай-ақ электр энергиясын тарату объектілерінің бірқатарын меншігіне алып, сауда-саттық сериясын жеңіп алды. AES 1996 жылдан бастап 2007 жылға дейін Екібастұзда объектіні иеленді, ол кезде өзінің үміттері мен тілектеріне қарамастан, қазақстандық нысандарды иеленуден бас тартуға тура келген жағдайда болды.

Кейбір AES нысандарына меншік құқығын беру айтарлықтай сыйақы талап етті, бірақ AES объектілердің иесі болып қалуды көздеді. Кейінірек AES Қазақстан үкіметіне қарсы талап арыз беріп, оны шарттық міндеттемелерін бұзды деп айыптады. 2013 жылғы қарашада AES талап арызы төрелікте, негізінен, Қазақстан үкіметінің пайдасына шешілді.

AES-тің Қазақстаннан кетуі АҚШ саясатының Қазақстанға американдық инвестицияларды жібермеуіне ықпал еткенін көрсетеді. Қазақстанның ішкі жағдайлары өзгерген және электр энергетикасы секторы 1990-жылдардың басындағы дағдарыстық жағдайлардан қалпына келген кезде, Қазақстан үкіметі меншікті ол тікелей бақылай алатын квазимемлекеттік компанияларға беру туралы шешім қабылдады. АҚШ саясаткерлері мүлікті беруге абайлап қарсылық білдірді, бірақ бұған тікелей қарсы болмады. Американдықтарға тиесілі активтерді «ұлттандыру» туралы ресми мәлімдемелер ешқашан жасалмады.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігі қырғи қабақ соғыстың аяқталуының нәтижесі болды. Вашингтонның көзқарасы бойынша, қырғи қабақ соғыстың аяқталуы күтпеген жағдай болды. Американдық аналитикалық қоғамдастық 1989 жылы Берлин қабырғасының құлауын алдын ала «болжаған» жоқ. Саяси қоғамдастық бұл оқиғаларға және олардың ұзақ мерзімді салдарына дайын бол-

мады. Тарих сабақтары туралы ойлана отырып, американдық саяси қоғамдастықтағы көптеген адамдар Кремль басшылары Шығыс Еуропа елдерінің шекараларын қорғау үшін танктер жібереді деп күткен. Бұл алдын ала болжанған түрде болмаған кезде, көбісі шынымен таң қалды.

КСРО-ның ыдырауы тарихта ескі болжамдар, ескі өсиеттер мен саясаттың ескірген ережелері енді қолданылмайтын сәтті әйгіледі. Жаңа, егемен және тәуелсіз Қазақстанның пайда болуы халықаралық қатынастарға батыл және табанды жаңа көзқарасты талап етті. КСРО ыдырауының алғашқы күндерінде кеңес республикаларының сыртқы саяси есептеулері Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тыс, бірақ Ресейдің ықпал ету аймағы шегінде ұлттық тәуелсіздік қағидаттарына негізделді. Бұл жағдай 1991 жылғы Алматы декларациясымен түбегейлі өзгерді, ол тәуелсіз мемлекеттер ретінде кеңес республикаларының ұлттық егемендігін заңды түрде бекітті. Алматы декларациясы посткеңестік мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік шеңберін бекітті, бұл республикалардың «европалық» және «азиялық» бөліктерге бөліну қаупін болдырмауға мүмкіндік берді. Алматы декларациясын ұйымдастырудағы және оған жәрдемдесудегі Қазақстанның рөлі Қазақстанның жаһандану және өңірлік экономикалық интеграция процестері жағдайында бейбітшілікке, тұрақтылық пен қауіпсіздікке ықпал ететін тәуелсіз және егемен мемлекет болып табылатынын атап өтті.

Ресей саяси қайраткерлері көп ұзамай «Козырев доктринасы» деп аталатын қағиданы бекітті [13]. Бұл бұрынғы кеңес мемлекеттері арасындағы қатынастарды «ерекше мүдделердің ресейлік саласы» – бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан үрдіс тұрғысынан түсіндіру керек деген идея болды. Ол кезде Қазақстанның ұстанымы айқын еді, ол өзара тиімді экономикалық интеграция қажет деп талап етті, бірақ саяси интеграция ұлттық егемендік қағидатына қайшы келеді.

Қазақстанның 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі өтпелі кезеңіне деген менің жеке көзқарасым дамудың төрт кезеңін көрсетеді: ден қою және қалпына келтіру; қалпына келтіру; жағдайдың өзгеруі және теңгерімді қалпына келтіру. Осы кезеңдердің әрқайсысы жалпы Қазақстанның сыртқы саясатындағы әр түрлі ұстанымды және Қазақстанның Құрама Штаттарға деген көзқарасын білдіреді.

Қазақстанның ден қою және қалпына келтіру кезеңі АҚШ-пен тығыз байланыс және ядролық қару жарысының мұрасы проблемасын шешуде АҚШ пен Қазақстанның ортақ мүдделеріне сүйену кезеңі болды. АҚШ 1991 жылы КСРО ыдыраған кезде тез арада жақсы қарым-қатынас орнатты.

Қазақстанның АҚШ-қа қатысты бастапқы саясаты кеңестік жүйенің ыдырауынан туындаған экономикалық күйзелістерге ден қою міндеттерін шешуге және күйзелістен кейін экономиканы қалпына келтіруге, сондай-ақ әртараптандыруды бастауға көмек көрсетуге бейімделді. АҚШ-тың көмегін Қазақстанның ресми дереккөздері, әсіресе 1992-1998 жылдар кезеңінде ризашылықпен қарсы алды. Жеке сектордағы мемлекеттік саясатты жетілдіруден және жекешелендіруден басталған қазақстандық құрылымдық реформалар бағдарламалары АҚШ-тың ресми көздерінен және жеке компаниялардан, әсіресе энергетикалық отын және пайдалы қазбаларды өндіру секторларынан айтарлықтай демеушілік қолдауға сүйенді.

Қазақстанды қалпына келтіру кезеңі жеке кәсіпкерлік пен жекешелендіру үшін жаңа заңнамалық базадан басталды. Қазақстанның ресми тұлғалары шетелдік серіктестерді тарту және сонымен бірге өнеркәсіпке, меншікке және азаматтыққа неоотарлық бақылаудың алдын алу мақсатында шетелдік инвестицияларға, шетелдік меншікке, шетелдік иммиграциялық саясатқа қатысты саясатты қабылдады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан үшін ауыр болды. Марксистік идеологияның күйреуі және кеңес дәуірінің коммерциялық, ғылыми және мәдени байланыстарының үзілуі Қазақстанды саяси заңдылықтағы айқын негізсіз қалдырды. Орталық Азия сарапшылары жаңа сын-тегеуріндерге жауап беруді жақтады.

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының марқұм басшысы Өмірсерік Қасенов Қазақстанның халықаралық істерде ынтымақтастық позициясын ұстануының маңыздылығын көрді. Қасенов «Орталық Азиядағы нашар дамыған мемлекеттік егемендікті нығайту бұрынғы кеңестік Азия республикаларының ұлттық дамуы мемлекетаралық ынтымақтастық пен интеграцияны тереңдетумен қатар жүретін жағдайда ғана мүмкін болады» деп атап өтті [14].

Президент Назарбаев көп ұлтты және көп мәдениетті қоғамның көшбасшысы ретінде ұлтшылдықтың тар идеясына жүгінуден немесе белгілі бір этникалық топтың гегемониясын орнатудан аулақ болды. Назарбаев Еуразия қоғамдастығы үшін жаңа зияткерлік заңдылық құруға ұмтылды [15]. Назарбаев мамандардың жұмыс тобын құрды, оларға жаңа еуразиялық қоғамдастықтың тұжырымдамалық негізін қалыптастыру мәселесін шешу тапсырылды. Жұмыс тобы бірқатар ұсыныстар дайындады, олардың нәтижесі еуразияшылдық форматы болды [16].

Президент Назарбаев бұл идеяны 1994 жылғы наурызда Мәскеу мемлекеттік университетінде бұрынғы КСРО елдерінің ортақ еуразиялық мұрасы тақырыбында айтқан болатын [17]. Ол өзара құрметпен, теңдікпен және адал ойынмен сипатталатын бірыңғай еуразиялық экономикалық кеңістікті қалпына келтіруге шақырды. Назарбаевтың еуразия елдері арасындағы география, тарих, мәдениет және сауданың көптеген ортақ белгілеріне қатысты дәлелдері елдер арасындағы неғұрлым тығыз ынтымақтастықты көтермелеуге бағытталды. Ол осы идеяларды белгілі бір саясатқа енгізуге тырысты. Экономика және қауіпсіздік саласындағы табысты бағдарламалар, Назарбаевтың пікірінше, елдер арасындағы ортақтықты нығайтып, бүкіл Еуразия бойынша коммерциялық және саяси байланыстардың одан әрі өсуіне ықпал етуі тиіс [18]. Назарбаевтың алғашқы мәлімдемелері оның ТМД немесе басқа да осындай ұйымдардың қолдауымен кеңес дәуірінің экономикалық және саяси тәжірибесін қалпына келтіруге ұқсайтын барлық нәрсеге қарсы екенін айқын көрсетті.

Қазақстан экономикасының өсуіне және оның халықаралық қоғамдастықтағы рөлінің кеңеюіне қарай республика қайта бағдарлану кезеңіне өтті. Қазақстан жаңа саясатқа бастамашылық етуде, жаңа бизнесті ілгерілетуде және тікелей шетелдік инвестицияларды тартуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Бұл кезеңде Қазақстанның сыртқы саясаты реактивті сыртқы саяси позициядан белсенді позицияға батыл көшті.

Реактивті саясаттың ұстанымы жағдайға немесе басқа тараптар қабылдаған әрекеттерге реакцияны білдіреді.

Белсенді саясат нақты мақсаттарға жетуді білдіреді.

Жалпы, елдің сыртқы саясаты ішкі саясатпен салыстырғанда реактивті болуға бейім. Халықаралық құқық тұрғысынан барлық мемлекеттер бірдей заңды құқықтарға ие, бірақ халықаралық саясат тұрғысынан барлық мемлекеттер бірдей емес. Мемлекеттің сыртқы саясатта белсенділік таныту дәрежесі мемлекеттің халықаралық қоғамдастыққа ықпал ету дәрежесіне пропорционалды. Мемлекет неғұрлым ықпалды болса, соғұрлым оның сыртқы саясаты белсенді болады; мемлекет ықпалы неғұрлым аз болса, соғұрлым оның сыртқы саясаты енжар болады.

XXI ғасырда Қазақстан тікелей шетелдік инвестициялардың елеулі ағындырын тарту және неғұрлым маңызды көпжақты институттарда орын алу қабілетін көрсеткен іс-қимылдарды қабылдап, Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді, Еуропалық одақпен кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім жасасты, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесінде орын алды (2017-2018). 2018 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығының ашылуы бүкіл әлем бойынша астаналармен қаржылық өзара іс-қимыл арналарын ашты. Қазақстан COVID-19 пандемиясына дейін әлемнің көптеген елдерінен бизнесмендер мен туристерді шақыра отырып, шекаралық шектеулерді жеңілдету бойынша шаралар қабылдады. Қазақстанның әлемнің түкпір-түкпірінен келген іскер адамдар мен қонақтар үшін ашылуы халықаралық түсіністік пен ынтымақтастыққа ықпал етті. Алайда бұл посткеңестік елдерге сапар шегуге құқығы бар-жоғын анықтау үшін саяхатшыларды тексеруге айрықша құқығы бар деген серіктес мемлекеттер тарапынан сын туғызды.

Қайта бағдарланудың осы кезеңіндегі Қазақстанның жетістігі үлкен болғаны соншалық, зейінді бақылаушылар «Қазақстан өзін халықаралық ынтымақтастық саласында ең белсенді және инновациялық бұрынғы кеңестік республика ретінде көрсетті» деп атап өтті [19]. Қазақстанның белсенді саясаты тез өзгеретін әлемде тепе-теңдікті қалпына келтірудің келесі кезеңіне алып келеді.

КӨП ПОЛЯРЛЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАР

Екіжақты қатынастарды призмада талдау елдің сыртқы саясатының маңызды ерекшеліктерін ашады. Бірақ, ақыр соңында, елдер ұлттық мүдделерді көздейді, бұл кейде әлемнің кең көрінісінің аспектілерін ескеруді талап етеді. Екіжақты қатынастар көпжақты қатынастарға енгізілуі керек.

Қазақстанның АҚШ-қа қатысты бастапқы саясаты кеңестік жүйенің ыдырауынан туындаған экономикалық күйзелістерге ден қою міндеттерін шешуге және күйзелістен кейін ел экономикасын қалпына келтіруге, сондай-ақ әртараптандыруды бастауға көмек көрсетуге бейімделді. АҚШ-тың көмегін Қазақстанның ресми көздері, әсіресе 1992-1998 жылдар кезеңінде ризашылықпен қарсы алды. Жеке сектордағы мемлекеттік саясатты жетілдіруден және жекешлендіруден басталған қазақстандық құрылымдық реформалар бағдарламалары АҚШ-тың ресми көздерінен және жеке компаниялардан, әсіресе отын-энергетикалық кешен және пайдалы қазбаларды өндіру секторларынан айтарлықтай демеушілік қолдауға сүйенді.

АҚШ-тың Ауғанстанға, атап айтқанда Орталық Азия мемлекеттеріне, демек, Қазақстанға қатысты саясаты 11 қыркүйектегі АҚШ-қа жасалған шабуылдар-

дың және одан кейінгі АҚШ-тың терроризмге қарсы жаһандық соғысқа қатысуының нәтижесінде күрт өзгерді. 2001 жылдан бастап 2014 жылға дейінгі кезеңді Қазақстанның Құрама Штаттарға қатысты позициясының өзгеру кезеңі ретінде қарастыруға болады. Қазақстан осы кезеңде АҚШ-тың терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы саясатының қызу емес, ақырын жақтаушысы болды.

Қазақстанның көпжақты сыртқы саяси қызметінің үш онжылдығында американдық тарап АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты қарым-қатынаста саяси да, қаржылық жағынан да дау айтқан жоқ. Тұтастай алғанда, үш онжылдық ішінде АҚШ-тың екіжақты саясаты Қазақстанның үшінші тараптармен қатынастарына тікелей ықпал етуге бағдарланбады. Бұл тұрғыда Трамп әкімшілігі басқарған кезеңде, әсіресе «Бір белдеу, бір жол» бастамасы мәнмәтініндегі ауқымды жаңа инфрақұрылымдық жобалар нысанында Қытайдың Қазақстандағы сыртқы саяси ықпалының күшеюі тәуекелдері туралы бірнеше мәрте және табанды ескертулерді ерекшелік ретінде санауға болады [20].

COVID-19 пандемиясының болжанбайтын пайда болуы сияқты тақырыптар Қазақстан үшін үлкен қиындықтар туғызды. Салыстырмалы және абсолютті түрде Қазақстан үкіметінің пандемияға реакциясы тез әрі тиімді болды [21]. Эпидемияның өмір сүру, тіршілік ету және экономикалық күйзелістер тұрғысынан шығындары орасан зор болды. Бұл пандемия зардаптары жақын арада артта қалуы мүмкін, бірақ болашақта осыған ұқсас немесе одан да зор проблемалардың қайталанбауына сенім жоқ. Қазақстанның қайта бағдарлану ұстанымы орта мерзімді перспективада осы міндеттерді шешуге бағытталады деп күтуге болады.

Қырғи қабақ соғыстың соңында пайда болған кво-мәртебе келісімдері сол уақыт пен шарттар үшін ақылға қонымды келісімдер болды. Бірақ соңғы үш онжылдықта Азияны өзгерткен әлеуметтік, экономикалық және технологиялық процестер факторларды өзгертті және жаңа бағалауларда есептелуі керек.

Қытайлық көшбасшылар қазақстандық көшбасшылармен коммерциялық өміршеңдікті қолдайтын заманауи инфрақұрылыммен тығыз байланысқан Еуразия мен Азияға қатысты көзқарастарымен бөліседі. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасын ұсынуы – Қытай мен Еуропа арасындағы ежелгі «Жібек жолы» сауда жолдары бойындағы экономикалық дамуды қаржыландыру және саяси қолдау жоспары. Бейжіннің соңғы шетелдік несие беру міндеттемелерінің көп бөлігі Қытай даму банкі және Қытай Ex-IM банкі арқылы қаржыландырылды. Болашаққа көз жүгірте отырып, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің (АИИБ) құрылуы бүкіл Азиядағы серпінді қайта құрулардың, Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдерін шығысқа бағдарланған сыртқы саяси позицияға итермелейтін қайта құрулардың тағы бір кезеңін белгіледі деп болжауға болады [22].

Экономикалық интеграцияның кейбір нысандары тиісті саяси интеграцияны білдіреді деген жаңа алаңдаушылық туындайды. Жаңа көлік және коммуникациялық технологиялар ұсынатын экономикалық тиімділіктің артықшылықтары сөзсіз саяси орталықтандырудың қандай да бір түріне әкелуі мүмкін. Бұл дәлел ұлы державалардың бәсекелестік саласына қатысты болған кезде, геостратегиялық салдар қаһарлы болып көрінеді. Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін бір-

ден халықаралық дипломатиялық ойын алаңының деңгейі қауіпсіздік саласындағы түбегейлі басқа халықаралық жағдайдың пайдасына төмендейтін сияқты.

Алайда бұл – жаңа үрдіс емес. Грэм Эллисонның дәлелдері ұлы державалар арасындағы жаңа бәсекелестік жағдайында қайтып келе жатқан қауіпсіздік дилеммасы туралы ескерту арқылы ежелгі тарихқа сүйенеді. «Обреченные на войну: смогут ли Америка и Китай избежать ловушки Фукидида?» кітабында Грэм Эллисон классикалық сұрақты көтереді [23]. Бір буынның ішінде Қытай салыстырмалы түрде дамымаған және экономикалық тұрғыдан артта қалған елден экономикалық және технологиялық дамудың үлкен күшіне айналды. Ұлы әскери стратег Фукидид сипаттағандай, Афиндердің дәуірлеуі Спарта жағдайына қауіп төндіріп, бірқатар өзгерістерге алып келді, нәтижесінде екі қала-мемлекет арасындағы соғыс шарасыз болды. Эллисон риторикалық сұрақ қояды – Америка халықаралық қоғамдастықтағы көрнекті әлемдік көшбасшы ретіндегі орнын жоғалтқан кезде Қытай мен Америка арасындағы сөзсіз соғыс болжамымен билік Қытайға ауыса ма? Егер бұл тікелей қақтығысқа әкелмесе де, мұндай жаңа бәсекелестік туындаған шиеленістер болашақ ынтымақтастыққа айтарлықтай кедергі келтіруі мүмкін бе?

ӨЗГЕРІСТЕР, СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ

5. Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс]. *Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на Международной конференции «От запрета ядерных испытаний к миру, свободному от ядерного оружия»*. 29 августа 2012 г. URL: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nanazarbaeva-na-mezhdunarodnoi-konferencii-ot-zapreta-yadernyh-ispytanii-k-miru-svobodnomu-ot-ya (дата обращения: 10.09.2021 г.).
6. Официальный веб-сайт Президента США Барака Обамы [Электронный ресурс]. *Remarks by President Obama and President Nursultan Nazarbayev of the Republic of Kazakhstan Before Bilateral Meeting*. 26 марта 2012 г. URL: <https://obamawhitehouse.archives.gov/the-press-office/2012/03/26/remarks-president-obama-and-president-nursultan-nazarbayev-republic-kaza> (дата обращения: 10.09.2021 г.).

7. *The American Presidency Project [Электронный ресурс]. News Conference – President William J. Clinton of the United States and President Nursultan Nazarbayev of Kazakhstan. 14 февраля 1994 г. URL: <https://www.presidency.ucsb.edu/documents/the-presidents-news-conference-with-president-nursultan-nazarbayev-kazakhstan> (дата обращения: 10.09.2021 г.).*

8. *Новости ООН [Электронный ресурс]. Переговорами с Президентом Казахстана Пан Ги Мун завершил визит в Центральную Азию. 7 апреля 2010 г. URL: <https://news.un.org/ru/story/2010/04/1161531> (дата обращения: 10.09.2021 г.).*

9. *Официальный сайт Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Назарбаева [Электронный ресурс]. Первый Президент Казахстана принял участие в Пятом заседании «Астана клуба». 2019 г. URL: <https://elbasy.kz/ru/news/2019-11/pervyyu-prezident-kazakhstana-prinyal-uchastie-v-pyatom-zasedanii-astana-kluba> (дата обращения: 10.09.2021 г.).*

10. *Януш Бугайски, The Hill [Электронный ресурс]. US must prevent a security vacuum in Central Asia. 5 мая 2021 г. URL: <https://thehill.com/opinion/international/552838-us-must-prevent-a-security-vacuum-in-central-asia?rnd=1620744454&rl=1> (дата обращения: 11.09.2021 г.).*


11. *Шахрат Нурышев. Казахстанская правда [Электронный ресурс]. СВМДА на путях трансформации. 2021 г. URL: <https://www.kazpravda.kz/articles/view/svmda-na-putyah-transformatsii1> (дата обращения: 12.10.2021 г.).*

12. *Ван Дэлу. Kazakhstan Today [Электронный ресурс]. Развиваем СВМДА – строим общий дом. 2021 г. URL: https://www.kt.kz/rus/authors_column/razvivaem-svmda-_stroim_obschiy_dom_1377923049.html (дата обращения: 15.10.2021 г.).*

13. *Аркадий Дубнов. Deutsche Welle [Электронный ресурс]. СВМДА и индо-пакистанский конфликт. 2002 г. URL: <https://www.dw.com/ru/%D1%81%D0%B2%D0%BC%D0%B4%D0%B0-%D0%B8-%D0%B8%D0%BD%D0%B4%D0%BE-%D0%BF%D0%B0%D0%BA%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9-%D0%BA-%D0%BE%D0%BD%D1%84%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D1%82/a-569130> (дата обращения: 12.10.2021 г.).*

14. *Игорь Иванов. Официальный сайт Министерства иностранных дел Российской Федерации [Электронный ресурс]. Интервью министра иностранных дел России И. С. Иванова РИА «Новости» и газете «Жэньминь жибао» в связи с предстоящим Саммитом Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). 2002 г. https://www.mid.ru/sovesanie-po-vzaimodejstviu-i-meram-doveria-v-azii-svmda-/-/asset_publisher/0vP3hQoCPRg5/content/id/554830 (дата обращения: 12.10.2021 г.).*

ҚАЗАҚСТАН СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ВЕКТОРЫ: ЖЕТІСТІКТЕР, СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР, ПЕРСПЕКТИВАЛАР



САНАТ КӨШКІМБАЕВ

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, саяси ғылымдар докторы.

Орталық Азия елдері бойынша сарапшы. 1996 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетін бітірді. 2007 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторантурасын бітірді. Докторлық диссертациясының тақырыбы: «Орталық Азия қауіпсіздігі саласындағы көпжақты өзара іс-қимыл». 9 кітаптың, Орталық Азиядағы сыртқы саясат, халықаралық қатынастар, өңірлік ынтымақтастық және қауіпсіздік мәселелері бойынша қазақстандық және шетелдік ғылыми-талдау басылымдарында 250-ден астам ғылыми мақаланың, бөлімдердің авторы.

Email: kushkumbayev@kisi.kz



БОЛАТ ӘУЕЛБАЕВ

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас сарапшысы.

Орталық Азиядағы сыртқы саясат, өңірлік ынтымақтастық және қауіпсіздік мәселелері бойынша сарапшы-саясаттанушы. 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірді. Оқытушылық тәжірибесі бар. 2008 жылдан 2016 жылға дейін ҚР Президенті жанындағы КСЗИ Сыртқы саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қазақстандық және шетелдік ғылыми-талдау басылымдарында 60-тан астам ғылыми мақалалардың, бөлімдердің авторы.

Email: Auelbayev_B@kisi.kz

■ **Андатпа.** Мақала Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына, оның стратегиясындағы орталықазиялық және еуразиялық аймақтанудың орны мен рөліне арналған. Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарын қалыптастыруға ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар, процестер қарастырылады. Саяси басшылықтың сөйлеген сөздерінің мәтіндері және қалыптасу кезеңдері туралы түсінік беретін ресми құжаттар талданады.

■ **Түйінді сөздер:** Қазақстан, Орталық Азия, сыртқы саясат, өңірлік ынтымақтастық, қауіпсіздік.

■ **Кіріспе.** Қазақстанның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы екіжақты негізде және көпжақты форматта отыз жылдық тәуелсіз даму кезеңін қамтитын күрделі,

бірақ оқиғаларға толы жолдан өтті. Осы уақыт ішінде көптеген маңызды оқиғалар орын алды. Қазақстан басқа өңірлік көршілерімен бірге саяси транзиттің қарапайым кезеңінен өтіп, бірқатар экономикалық дағдарыстарды еңсере алды.

Өңір елдерінің өздері де күрделі және қарама-қайшылыққа толы, соның ішінде олардың геосаяси жағдайымен, көп деңгейлі дамуымен, шешілмеген шекарамен, экономикалық және экологиялық проблемалармен шартталған эволюцияны бастан өткерді. Белгілі болғандай, «Ұлы шахмат тақтасы» кітабында американдық геосаясаткер Збигнев Бжезинский Орталық Азияның Еуразияның өте тұрақсыз аймағына айналуын болжаған [1].

Одан әрі бұл мәселе бойынша сараптамалық ортада көптеген пікірталастар туындады. Бірақ посткеңестік кеңістіктің азиялық бөлігіндегі геосаяси бәсекелестік тұрақты түрде шиеленісіп, ірі державалар өздерінің стратегиялық мүдделері мен қатысуын тынымсыз алға тартқанына қарамастан, өңірдегі жағдай ашық бәсекелестік пен қарсылыққа түскен жоқ.

Орталық Азияның салыстырмалы түрде тұрақты дамуында өңір елдерінің бірлескен күш-жігері үлкен рөл атқарды. Сыртқы периметрдің едәуір бөлігіндегі шиеленісті жағдай, шекараларға, су және энергетикалық бөлінуге қатысты еларалық проблемалар, мемлекеттілікті нығайту жөніндегі міндеттерді шұғыл шешу жиынтығында жаңа Орталық Азия мемлекеттерінің саяси элиталарынан салмақты тәсілдерді талап етті.

Зерттеудің мақсаты сауда-экономикалық, қауіпсіздік және халықаралық саясат саласындағы бірқатар жолдар бойынша Орталық Азия өңіріндегі қазақстандық белсенділікті талдау болып табылады. Бұл тұрғыда қазақстандық басшылықтың Орталық Азия көршілерімен қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған сыртқы саяси қызметі қызығушылық тудырады. Бұл бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты. Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясындағы Орталық Азия аймақшылдығының рөлі, Қазақстанның өңірлік қатынастар жүйесіндегі орны туралы пікірлер алуан түрлі.

Өңірлік кооперация процесіне тікелей тартылған белгілі қазақстандық дипломат және ғалым С.Д. Пірімбетов 1993 жылы жасалған Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы 1994-2000 жылдар кезеңінде экономикалық интеграцияны тереңдету туралы келісім өңірлік ынтымақтастық пен одан әрі интеграциялық бастамаларға бастапқы серпін болды деп негізді түрде санайды. Бұл, шын мәнінде, басқа елдер қосыла бастаған үлкен келісімдерге жол ашты. Осылайша, екі ірі өңірлік мемлекет Орталық Азия кооперациясының негізін қалаушы болды [2].

Сонымен қатар, бірқатар зерттеушілер елдердің көзқарасындағы айырмашылықтарды атап өтті. Мысалы, француз зерттеушісі Марлен Ларюэль Орталық Азиядағы меже белгілеу сипатына назар аударады және оның себептерінің бірі ретінде аймақтану идеясына сәйкес келмейтін көзқарастарды анықтайды. Орталық Азия батыс пен шығыс арасындағы көпір қызметін атқаратын қазақстандық еуразиялық тұжырымдама азиялық қазіргі заманның серпінді сипатына бағытталған. Бұл ұстаным «өзбек туранизміне», этномәдени және өркениеттік құндылықтарға негізделген консервативті ұстанымға аз ұқсайды [3].

Нұр-Сұлтан мен Ташкент арасындағы айырмашылықтар мен символдық бәсекелестік туралы көп айтылды, бірақ көп жағдайда мұндай тәсіл нәтижесіз және жиі жасанды болды. Өзбекстандағы оқшаулау тәсілдерінің күшеюі кезеңінде, шын мәнінде, қазақстандық саяси дискурста Орталық Азия аймақшылдығы тақырыбы төмендеді. Осыған байланысты Қазақстан өзінің бағытын Орталық Азия векторынан Ресеймен және Беларусьпен жақындасу жағына өзгертті деген түсінік пайда болды. Алайда, жаңа мүмкіндіктің пайда болуымен Орталық Азия аймақшылдығының өзектілігі қайта артты.

Осылайша, 2019 жылы Аннет Бор британдық Chatham House үшін дайындалған «Kazakhstan: Tested by Transition» талдамалық баяндамасында Қазақстанның Орталық Азияның басқа елдерімен қарым-қатынасын еуразиялық интеграция призмасы арқылы қарастырады. Оның пікірінше, Қазақстан Ресей мен Орталық Азияның қалған бөлігі арасындағы көпір ретінде қолайлы жағдайды сақтай отырып, өңірлік идеяларды әзірлеу үшін Еуразиялық аланды пайдаланды.

Бірақ қазір, автордың пікірінше, қазақстандық стратегия Орталық Азия векторына қарай айтарлықтай дамыды. Аннет Бор бес факторды анықтайды: ұлттық бірегейліктің өсуі, Ресейден кету, жаңа экономикалық модельді іздеу, Өзбекстандағы реформалар және аймақтық сауданы тереңдету. Осы себептердің жиынтығында Қазақстан Орталық Азияның басқа мемлекеттері мен Ресей арасындағы делдал ғана емес, өзін Орталық Азияның ажырамас бөлігі ретінде неғұрлым нақты сәйкестендіре бастады. Мұның нәтижесі бүкіл Орталық Азия өңіріндегі ынтымақтастыққа деген сезілетін және өсіп келе жатқан үрдіс болды [4].

2019 жылы «Орталық Азиядағы аймақтандыру. Қазақстанның стратегиясы» атты баяндамасында өңір үшін өзара іс-қимылдың аймақтық шеңберлері идеясы өміршең болып табылатынын атап өткен Орталық Азия елдерінің зерттеушілер тобы салыстырмалы түрде жаңа көзқараспен талаптанады және ресми шеңберлер мен ресми институттарды құрмай-ақ, осы тақырыптағы пікірталастардың жалғасында жұмсақ регионализм форматын ұсынады. Қарым-қатынастың осындай сипатымен өзара әрекеттесу өрісі әр түрлі азаматтық құрылымдардың халықаралық ынтымақтастыққа белсенді қатысуы арқылы айтарлықтай кеңейеді [5].

Қазіргі уақытта тақырыпқа деген қызығушылық Орталық Азия өзара іс-қимылының күшеюімен байланысты, оған бес мемлекет көшбасшыларының консультативтік кездесулерінің қолданыстағы форматы серпін беретіні сөзсіз. Оқиғалар дамуының мұндай векторы Орталық Азия елдерінің салыстырмалы түрде тұрақты дамуына, ірі сыртқы ойыншылардың, соның ішінде С5+ форматында рәсімделген ойыншылардың тартылуына, сондай-ақ Қазақстанның тұрақты қызығушылығына және Өзбекстанның өңірлік кооперация мәселеріндегі белсенді ұстанымына байланысты болды.

Бұл ретте, Қазақстан тек өңірлік медиатор ғана емес, жалпы проблемалардың интеграцияланған шешімдерін іздейтін проактивті субъект болып табылады. Қазіргі кезеңде елдің өңірлік кооперация процестеріне қатысуы ерекше серпінде тұр.

ОРТАЛЫҚАЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ВЕКТОРЛАР АРАСЫНДА

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарын қалыптастыру биполярлық халықаралық жүйе жоғалғаннан кейін барлық пост-кеңестік елдерде орын алған жағдайларға байланысты болды. Фрэнсис Фукуя-маның әйгілі эссесінде көрініс тапқан дәуір реформатор саясаткерлерді жаңа егемен мемлекеттерді құруға шабыттандырды [6]. Бірақ олардың алдында жаңа және күрделі сын-тегеуріндер мен міндеттер тұрды. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің салыстырмалы түрде жоғары әлеуметтік-мәдени деңгейіне қарамастан, бұрынғы командалық жүйенің экономикалық тетіктерінің тиімділігі таусылды. Экономиканы нарықтық жағдайларға бейімдеу және халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне жол бермеу үшін түбегейлі және көптеген қайта құруды енгізу қажет болды.

Алайда, өздеріңіз білетіндей, транзиттік кезеңде объективті шығындар болды. Экономика тұрақты құлдырады, кәсіпорындар жабылды, жұмыссыздықтың өсуі байқалды. Бұл жағдайда жаңа мемлекеттердің әрқайсысы ішкі және сыртқы сынақтарға қатысты құрылымды оңтайлы түрде өзгерте алатын жаңғырту қағидаттары мен әдістерін іздеді.

Ресеймен ортақ шекарасы, тығыз өнеркәсіптік байланысы, бірлескен көлік және энергетикалық желісі бар Қазақстан солтүстік көршісінің экономикасындағы түбегейлі өзгерістердің әсерінен шет қалмады. Ырықтандыру, баға белгілеу, жекешелендіру бойынша реформалар және дағдарысқа қарсы өзге де шаралар іс жүзінде бір толқынмен жүргізілді. Осы оқиғалар айналымына Қырғызстан да тартылды.

Сонымен бірге, Өзбекстан бірқатар ішкі және сыртқы себептерге байланысты мұндай түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыруға асықпады. Ташкент серпін мен тұрақтылықтың арасындағы таңдауда дамудың негізі ретінде екінші қағидатты қабылдады.

Тәжікстанда, өздеріңіз білетіндей, бұрынғы Одақтың бүкіл кеңістігінде болған қоғамдық өмірді ырықтандырудың әсерінен ішкі саяси процестер түбегейлі сипатқа ие болып, азаматтық соғысқа әкелді. Қалыптасқан ахуалға және жағдайды бейбіт жолмен реттеу жөніндегі ұзаққа созылған келіссөздерге байланысты Душанбе тек 1998 жылға қарай өзі үшін Орталық Азияның күн тәртібін дербес анықтай алды. Бұл бағыт Тәжікстан үшін өзекті болды, өйткені ол елді геосаяси тығырықтан шығарды, тұрақтандырудың маңызды факторына айналды, экономикалық дамуды жеделдетті және гидроэнергетика әлеуетін ашты [7].

Түркіменстан табиғи газдың бай қорына ие бола отырып, Таяу Шығыстың бірқатар елдерінің үлгісі бойынша жедел жаңғыруға толықтай сүйене алар еді. Бұған оң бейтараптық саясаты – түрікмен басшылығы алғаш рет 1992 жылы шілдеде Хельсинкиде өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің саммитінде жариялаған қағидат ықпал етуі де мүмкін. Содан кейін 1995 жылы желтоқсанда елдің бейтарап мәртебесі БҰҰ деңгейінде бекітілді.

Бірақ өз тәуелсіздігінің бастапқы кезеңінде Ашхабад Украина мен Балтық елдеріне газ жеткізу проблемаларына тап болды, өйткені қаржылық операциялар

реттелмеген және тұрақсыз болды. Сондай-ақ, түрікмен тарапы мен ресейлік «Газпром» арасында қайшылықтар күшейе түсті. Ресейлік компания газ тасымалдау саласында өзінің монополиялық жағдайын пайдаланып, шарттар мен бағаларды белгіледі.

Тек 1999 жылға қарай тараптар арасындағы келіспеушіліктердің қызуы төмендеді. Бірақ Ашхабад үшін өткен жол саяси режимнің сипатын қалыптастыру тұрғысынан маңызды болды, өйткені газ экспорттауда үлкен қиындықтарға тап болған ел осы кезеңде терең әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бастан кешірді, соның арқасында мемлекеттік субсидиялау және ресурстарды директивті бөлу билікті орталықтандырудың негізгі факторына айналды.

Осылайша, бастапқы позицияларда Орталық Азия мемлекеттерінің қалыптасуының әр түрлі деңгейдегі және әр түрлі сипаттағы процесін байқауға болады. Дегенмен, бүкіл одақтық инфрақұрылымның қарқынды бөлшектенуі және ТМД-ның институционалдық әлсіздігі кезеңінде де қазақстандық басшылық экономикалық кооперация үшін әрдайым ашық болды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев экономикалық интеграцияның артықшылықтары туралы алғашқылардың бірі болып сөз қозғанды. Өнеркәсіптік әлеует пен өндірістік байланыстарды сақтау мақсатында ол 1994 жылы Еуразиялық одақ (ЕАО) құру идеясын ұсынды. Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығы ол кезде проблемалық болып көрінген жоқ және неғұрлым ауқымды трансөңірлік кооперацияға маңызды қадам ретінде көрінді.

1994 жылы Н.Ә. Назарбаев «Еуразиялық одақ жобасын іс жүзінде іске асыру кезеңдерінің бірі ретінде Орталық Азия одағын ресімдеуді қарастыруға болатынын» атап өтті [8]. Екі жылдан кейін Қазақстанның Тұңғыш Президенті өз сөзінде «өңірлік негізде, атап айтқанда Орталық Азияда интеграциялық «ядроларды» қалыптастыру процесіне» назар аударды. «Бұл – ТМД-ның үлкен ішкі жүйесіндегі интеграциялық торап», - деп нақтылады ол [9].

Оның пайымдауынша, кооперация ісінде экономикалық трансформация түріне және елдер тобының өмір сүру деңгейіне жақын елдер тиімді болады. Олар географиялық тұрғыдан бірыңғай нарығы бар, тауарлардың, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысы бар жергілікті орталықтар құра алады және екі жылдамдықты әрі көп деңгейлі интеграция үшін ортаға тартушы күш жасай алады.

Еуразиялық интеграцияның басты идеясы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің бірлескен күш-жігерімен қалыптасқан Еуропа мен Азия арасында экономикалық тұрғыдан жеткілікті кеңістік құру болды. Олай болмаған жағдайда, осы кеңістіктегі бытыранқы елдер дамыған батыс және/немесе шығыс мемлекеттер үшін шикізат қосымшаларына айналуы мүмкін.

1990-шы жылдардың ортасында біріктіруші тараптар рөліне бір мезгілде Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан үшжақты қауымдастығы және Қазақстан, Ресей мен Беларусь Кеден одағы үміткер бола алды. Қазақстан осы бірлестіктер арасындағы табиғи көпір ретінде көрінді, оған елеулі сыртқы саяси күш-жігер жұмсалды.

«Елдегі жағдай және 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің бірінші Жолдауында тәуелсіз дамудың бес жылындағы Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің басты нәтижелерінің бірі ТМД мен Орталық Азия одағын құру және нығайту бастамасы болғаны көрнекі еді. Басымдық деңгейі бойынша ТМД, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан, Орталық Азия, АҚШ, Еуропалық Одақ және Қытай векторлары атап өтілді.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ВЕКТОРЫ

Қазақстанның сыртқы саясатының Орталық Азия векторы стратегиялық маңызды және сонымен қатар айтарлықтай күрделі болып қала берді. Мұның негізгі себептері тек географиялық жақындық пен саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени параметрлердің ұқсастығы ғана емес. Орталық Азия елдері бір уақытта халықаралық қатынастардың тәуелсіз субъектісі ретінде әрекетін бастағаны да емес. Көп жағдайда қиындықтар ұлттық құрылыс пен бірегейлік проблемаларымен, аймақ елдерінің сыртқы саяси басымдықтарын қалыптастырумен, геосаяси ортаның әсерімен және қалыптасатын жаһандық трендтермен байланысты болды.

Өңірді ірі державалар қоршайды. Бұл – жалпы өңірлік субъективтіліктің қалыптасуына жағдай жасайтын геосаяси орта. Әрбір тарап үшін шартты күш орталығына бағытталған сыртқы саясат бұрмасы геосаяси тепе-теңдікті жоғалтудың, демек, тұрақтылықтан айырылудың маңызды тәуекелдерін қамтиды.

Бұл орайда жағдай Балтық және Оңтүстік Кавказ елдерінің дамуынан түбегейлі ерекшеленеді. Балтық мемлекеттері өз бағыттарын түбегейлі өзгертіп, еуропалық құрылымдарға толығымен интеграцияланды. Оңтүстік Кавказ аймағындағы оқиғалардың дамуына Армения саясатында ресейшіл бағытты, ал Әзірбайжанда түрікшіл бағытты анықтайтын Қарабақ қақтығысы орасан ықпал етті. Грузияда М. Саакашвилидің билік құрған кезеңінен бастап батыстық бағыт басым болды.

Керісінше, Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси тұжырымдамалары қалыпты реңкте қалды. Оларда көп векторлылық, көп қырлылық, прагматизм, екіжақты және көпжақты дипломатия, қосылмау және бейтараптық сияқты анықтамалар көрініс тапты. Тіпті, құбылмалы халықаралық геосаяси конъюнктураны ұстана отырып, аймақ елдерінің үкіметтері өздеріне жарияланған қағидаттардан айтарлықтай ауытқуға мүмкіндік бере алмады.

Орталық Азия қоғамдарында дәстүрлі құндылықтар мен жаңғыру ұмтылыстары бір-бірімен тығыз байланысты. Мұндай жағдайларда белгілі бір үрдістер мен факторлардың басым өсуі елеулі ішкі күйзелістердің көзі болуы мүмкін.

Тәжікстандағы азаматтық соғыс және Қырғызстандағы бірқатар төңкерістер сериясы осының салдары болды. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саяси көзқарастарының эволюциясы қарама-қайшы ішкі процестердің әсерінен қалыптасқаны қисынды. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық даму халықаралық сауда мен инвестицияларды жан-жақты кеңейтуді талап етті.

Ішкі факторлармен қатар сыртқы әлеммен байланыстың өсуі бес ел үшін өңірлік ынтымақтастықты дамыту үшін салыстырмалы түрде ұқсас жағдайлар жасады. Сонымен қатар, әр кезеңде қатынастар әр түрлі формада дамыды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Одақ ыдырағаннан кейінгі экономикалық және саяси үдерістер елдердің кооперациясына ынталандырушы әсер етті. Аймақ елдерінің бес көшбасшысының алғашқы консультативтік кездесуі 1991 жылы 13 желтоқсанда өтті. Орталық Азияның бес көшбасшысы ортақ тәсілді әзірлеп, ТМД құрылған 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Алматыдағы саммит қарсаңында одан әрі даму векторына әсер еткен мәлімдемені қабылдады.

Әрине, басшылардың тұлғааралық қарым-қатынасы маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің шамамен бірдей бастапқы ұстанымдары және олардың басшыларының ділдік жақындығы кейінгі кездесулерде салыстырмалы түрде сенімді атмосфера тудырды. 1993 жылғы қаңтарда Ташкентте өткен кездесуде Орталық Азия президенттері алғаш рет бес елдің экономикалық мамандануын ескере отырып, өңірлік саясатты үйлестіруге әрекет жасады.

Бір жылдан кейін, 1994 жылы Қазақстан мен Өзбекстан басшылары Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қол қойды, оған кейіннен Қырғызстан қосылды. Кешірек 1998 жылғы 26 наурызда Тәжікстан ұйымға кіру туралы шешім қабылдады. Бірлестік тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін жағдай жасауды мақсат етіп қойды және мүше мемлекеттердің келісілген есеп айырысу, бюджет, салық, баға, кеден және валюта саясатын қамтамасыз етуі тиіс болды.

Бұл кезең Орталық Азия ынтымақтастығы үшін маңызды. Экономикалық басымдықтағы өсіп келе жатқан көп бағыттылық мемлекетаралық өзара іс-қимыл деңгейінде үнемі көрініс тапса да, тұтастай алғанда, саяси ерік-жігер мен күш-қуат өңірдегі теріс ортаға тартушы процестерді тежеді.

Орталық Азия елдерінің көшбасшылары бастапқы кезеңде өңірлік интеграция идеяларына белгілі бір құндылық пен перспектива беріп, оларды саяси дискурстың маңызды бөлігіне айналдыра алды. Сонымен қатар Арал теңізінің экологиялық апаты, өңірдің ядролық қарусыз мәртебесі, Ауғанстандағы әскери-саяси жанжал және жаңа трансшекаралық қатерлер мен сын-тегеуріндер сипаты сияқты проблемаларға жалпы көзқарастар әзірленді.

Жаңа ғасыр шебінен бастап Орталық Азия елдері арасындағы қатынастар дамуының келесі кезеңіне ішкі ұлттық және өңірлік проблемалар, сондай-ақ әлемдік және өңірлік державалар тарапынан өңірге деген қызығушылықтың артуы әсер етті. Экономикалық реформаларды жүргізу жылдамдығы мен бағыттылығындағы айырмашылықтар, Қырғызстанның 1998 жылғы желтоқсанда ДСҰ-ға кіруі ұлттық экономикаларды дамыту стратегиясындағы сәйкессіздіктерді айқындады. Бұл кеден және салық саясатының бірыңғай қағидаттарын әзірлеу бойынша одан әрі келісілген іс-қимылдарды тоқтата тұруға алып келді.

Орталық Азия нарығы Қытайға, Түркияға және басқа да ірі тұтынушыларға кеңінен ашылған кезде қайшылықтар күшейе түсті. Өзбекстанның шекаралық және кедендік бақылауды күшейтуі және Беларусь, Қазақстан мен Ресей Кеден

одағы шеңберінде ортақ кедендік аумақты қалыптастыруы ішкі өндірісті қорғау жөніндегі жауапты шараларға ғана айналды, бірақ проблемаларды түбегейлі шешкен жоқ.

Орталық Азия елдерінің экспорттық-импорттық операцияларындағы өзара сауданың үлес салмағы жыл сайын төмендей бастады, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер қозғалысында кедергілер көбірек пайда болды. 2001 жылғы қаңтарда Алматыда өткен Орталық Азия экономикалық одағының (ОАЭО) саммитінде оның қатысушылары арасында жинақталған қайшылықтар айқын болды.

Халықаралық саясатта да елеулі өзгерістер болды. ХХІ ғасырдың басы халықаралық терроризмге қарсы күрестің күшеюімен ерекшеленді, нәтижесінде АҚШ пен НАТО елдері Орталық Азияның бірқатар елдерінде әскери базаларды орналастырды. Батыс коалициясының Ауғанстанға басып кіруін әлемдік қауымдастық қолдағанына қарамастан, өңір үшін державалар арасындағы геосаяси маневр дәуірі басталды.

Өзбек Қарши-Ханабад пен қырғыз Манасындағы шетелдік әскери базалардың жабылуы төңірегіндегі оқиғалар АҚШ-тың Ресей және Қытаймен аймақтағы ықпалы үшін бәсекелестігінің арта түскенін айғақтайды. Мәскеу мен Бейжің Ауғанстан аумағында Вашингтон мен Брюссельдің терроризмге қарсы операцияларына ресми түрде қарсы болмағанымен, Ташкент пен Бішкек олардың жасырын қарсыласуының салдарын ауыр сезінді.

Осы жағдайларда қазақстандық сыртқы саясат жаһандық өзгерістерге бейімделу режимінде болды. Онда Орталық Азияның күн тәртібі жаһандық сын-тегеуріндермен, Ауғанстан мен Ирактағы соғыспен, халықаралық терроризм қатерінің таралуымен ұштасады. Мұның бәрі РФ, ҚХР, АҚШ, ЕО, Орталық Азия және ислам әлемі басымдықтары қойылған 2001 және 2005 жылдардағы сыртқы саясат тұжырымдамаларында көрініс тапты.

Дегенмен, Қазақстан Орталық Азиядағы өңірлік кооперацияны тереңдетуге үмітін үзген жоқ. 2005 жылғы ақпандағы өзінің жыл сайынғы Жолдауында қазақстандық көшбасшы Н.Ә. Назарбаев Орталық Азия мемлекеттерінің одағын (ОАМО) құруға бастамашылық жасады. Құжаттың сыртқы саяси блогының лейтмотиві Қазақстан басшысының оңтүстік көршілеріне тұрақтылық, өңір прогресі, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздік жолдары ретінде одан әрі интеграцияға шақыруы болды. Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, «Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлесу үшін берік негіз бола алады. Мен өңіріміздегі басқа да елдерді де естен шығарып отырғанымыз жоқ. Біздің экономикалық мүдделеріміз де, мәдени-тарихи тамырымыз да, тіліміз, дініміз де, экологиялық проблемаларымыз да, керек десеніз сыртқы қатерлеріміз де ортақ. Еуропалық Одақтың сәулетшілерінің өздері де осындай алғышарттарды армандаған да болар. Біз тығыз экономикалық интеграцияға көшуіміз және ортақ нарық пен ортақ валютаға қарай ілгерлеуіміз керек» [10].

Сонымен қатар, 2000-шы жылдардың екінші жартысынан бастап өңірлік кооперацияда өңірдегі жағдайды тұрақтандыру қажеттігіне байланысты үзілісті көруге болады. Белгілі бір дәрежеде қазақстандық басшылық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орталық Азияда қолайлы сыртқы

экономикалық және сыртқы саяси ортаны құруға назар аударып, стратегияны қайта қарастырды. Қазақстан өзінің ұлттық мүдделерін әлемдік аренада, оның ішінде өңір елдерінің ортақ мүдделерін қорғау және ілгерілету арқылы да қорғауды айқындады.

2010 жылы ЕҚЫҰ-ға, 2011 жылы ИЫҰ-ға және 2017-2018 жылдар аралығында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық ету шеңберінде Қазақстан бүкіл өңір атынан өкілдік етті және Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ мүдделерін мақсатты түрде қорғады.

Осылайша, 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» бағдарламасының «Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-дағы өкілдігінің басымдықтары» бөлімінде қауіпсіз, тұрақты және гүлденген Орталық Азияны құру, өңірдің тартымдылығын, оның ішінде экономикалық тартымдылығын арттыру процесінде ЕҚЫҰ-ның әлеуеті мен құралдарын пайдалану маңызды міндет болды [11].

Сонымен қатар, өзінің «ЕҚЫҰ тағдыры мен болашағы» бағдарламалық мақаласында Н.Ә. Назарбаев «бірқатар географиялық, тарихи және экономикалық жағдайларға байланысты батыс пен шығыс елдері арасындағы тұрақты және қауіпсіз көпір болуға қабілетті ауқымды және перспективалы өңір – Орталық Азия мемлекеттерінің ғана зор сауда және транзиттік әлеуетке ие екенін» атап өтті [12].

2011 жылы Астанада өткен ИЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-ші сессиясында Қазақстанның төрағалығымен алғаш рет ИЫҰ-ның Орталық Азиямен ынтымақтастық жөніндегі іс-қимыл жоспары қабылданды. Бұл жоба өңір үшін де, мұсылман қоғамдастығы елдері үшін де сауда операцияларын, инвестицияларды ынталандыруда, өзара қызығушылық тудыратын өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыруда ұйым тарапынан қолдау мен өзара іс-қимылды көздеді. ИЫҰ-ның Орталық Азия бойынша арнайы бағдарламасын жасауды мұсылман елдері қауымдастығы қолдады [13].

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүше ретіндегі төрағалығының қорытындысы бойынша сөйлеген сөзінде ҚР Сыртқы істер министрі Б.Б. Атамқұлов қазақстандық дипломаттар өңірлік бейбітшілік, қауіпсіздік, ынтымақтастық және даму аймағының моделін құра отырып, өңірдің барлық елдерінің мүдделерін үйлесімді үйлестіру қажеттілігін басшылыққа алғанын атап өтті. Бұл ретте Қазақстан халықаралық күш-жігерді Орталық Азия мемлекеттерінің белсенді рөлі жағдайында Ауғанстанды экономикалық тұрақтандыруға бағыттауды ұсынды. Қазақстандық сыртқы саясат ведомствосының басшысы атап өткендей, «Қауіпсіздік кеңесінде Орталық Азияның ортақ мүдделерін білдіру, осы органның күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша тұрақты консультациялар өңірдегі көршілеріміз тарапынан жоғары баға мен ризашылыққа ие болды. Мұндай тәсілдің бауырлас мемлекеттердің жақындасуына, өзара түсіністік пен құрметтің тереңдеуіне ықпал еткеніне сенімдіміз», – деп түйіндеді ол [14].

2010-шы жылдардың басынан бастап өңірлік қауіпсіздіктің күн тәртібі, оның ішінде Қазақстанның халықаралық құрылымдарға проактивті қатысуы есебінен айтарлықтай кеңейді және ауқымдылыққа ие болды. Бұл ҚР сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрініс тапты. Оның

бірінші және негізгі басымдығы Орталық Азияның саяси тұрақты, экономикалық орнықты және қауіпсіз дамуына мүдделілік болып табылады. Құжатта Қазақстан өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жаңа, оның ішінде шектес аумақтардан таралатын сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл жасау үшін жан-жақты күш-жігер жұмсауға ниет білдіргені көрсетілді. Бұдан басқа, еліміздің жанжалға бейім әлеуетті азайту, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу, су-энергетикалық торап пен өзге де қайшылықтардың түйінін шешу мақсатында ішкі өңірлік интеграцияны дамытуға ұмтылысы атап өтілді. Өңірді халықаралық саясат пен экономиканың бірыңғай интеграцияланған субъектісіне айналдыру перспективалы мақсат болып белгіленді [15].

Содан кейін тұжырымдама басымдық ретінде елді халықаралық экономикалық байланыстар жүйесінде орнықты позицияға ілгерілету тәсілдерінің бірі ретінде еуразиялық экономикалық интеграцияны айқындайды. Бұл ретте саяси егемендіктің мызғымастығы, қабылданатын шешімдердің экономикалық негізділігі, кезеңділік, прагматизм және өзара пайда, интеграцияның барлық органдарындағы тараптардың тең өкілдігі және интеграциялық өзара іс-қимылдың барлық деңгейлеріндегі консенсус негіз қалаушы қағидаттар болып табылады деген ескертпе бар. Сонымен бірге елдік басымдықтарда Ресей мен Қытай біздің оңтүстік көршілеріміз атап өтетін негізгі серіктестер ретінде бөлінген [15].

Тиісінше, бес мемлекет арасындағы аймақтық ынтымақтастықтың қазіргі кезеңі мемлекет басшыларының консультативтік кездесулері түрінде, алдыңғы кезеңдердің бірқатар сәтсіздіктеріне қарамастан, өзіндік тарихы мен платформасына ие. Күн тәртібі бұрынғы құрылымдар шеңберіндегі мәселелерді қоюдан ерекшеленсе де, өңірлік емес акторларсыз бесжақты формат, тәсілдерде сактық таныту және Орталық Азия елдерінің өңірлік ерекшеліктер мен жаңа жаһандық трендтерді ескеруге ұмтылысы түбегейлі сипатқа ие болды.

ЖАҢА СЕРПІН

2018 жылғы наурызда Астанада өткен бесжақты форматтағы консультативтік кездесу Орталық Азия ынтымақтастығын жандандырудың жаңа кезеңінің бастауы болып табылады. Өзбекстандағы маңызды өзгерістер және онда экономикалық реформалардың басталуы осы оқиғаның алғышарты болды. Жаңа өзбек басшылығы барлық көршілермен және алыс серіктестермен проблемаларды өзара қолайлы негізде шешуге деген батылдығын көрсетті. Бұл Ташкенттің Бішкек пен Душанбе арасындағы қарым-қатынасын едәуір жақсартып, тұтастай алғанда, аймақтағы жағдайды едәуір сауықтырды.

2018 жылғы наурызда Қазақстан астанасындағы көпжақты кездесу көбіне байқау түрінде болғанына қарамастан, өңірлік кооперация үшін түйінді сәт болды. Елдер өңірлік емес ойыншылармен қарама-қайшылыққа түспей, ортақ проблемаларды талқылады. Іс-шараның өзі көктемгі Наурыз мейрамына орайластырылғаны символдық мәнге ие болды, бұл комплиментарлық ахуалды көздеді. Кездесуге түрікмен президенті Г. Бердімухамедов қатыспаса да, Ашхабад

Түрікменстан Меджлисінің төрағасы А. Нурбердыевті делегат ретінде жіберді. Сондықтан жұмыс форматы астаналық кездесуге барынша лайықты болды.

Сондай-ақ, астаналық кездесудің сәтті өтуінен шабыт алған Өзбекстан өңірлік диалогты одан әрі жалғастыру және тереңдету үшін өзінің дипломатиялық ресурстарын одан әрі жандандыра түскені де маңызды. Өзбек басшылығы өз алдына өте өршіл және прагматикалық міндеттер қойып отыр, олардың арасында Орталық және Оңтүстік Азияның ірі өңіраралық хабын құру бар.

Осы мақсатта Ташкент елде де, Ауғанстанның шекаралас аудандарында да теміржол және автомобиль инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыруда. Бұл ретте Ауғанстан аумағындағы әскери-саяси ахуалдың күрделі сипатын, Үндістан мен Пәкістан арасындағы жоғары жанжалды әлеуетті, сондай-ақ Оңтүстік Азия елдерінің саяси элиталары мен бизнес ортасының қатаң прагматизмін ескере отырып, өзбек тарапы үшін солтүстік бағытта ауқымды транзиттік әлеуетті сақтап қана қоймай, Орталық Азия көршілерінен қолдау мен сенімді тірек алу түбегейлі маңызды.

Осыған байланысты Ташкент өңірлік және өңіраралық байланыстарды нығайту бойынша бірқатар ірі халықаралық бастамалар көтерді. Олардың қатарында – 2019 жылғы қарашада Ташкентте өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші консультативтік кездесуі. 2021 жылғы тамызда өзбек тарапының Түрікменстанда белсенді атсалысуымен өңір елдері көшбасшыларының үшінші консультативтік кездесуі нәтижелі өтті.

Нұр-Сұлтан, Ташкент және Аваз қалаларында өткен жоғары саяси деңгейдегі Орталық Азия форумдары елдер арасындағы тығыз өзара іс-қимыл үрдісінің салдары болды. Бұл ретте, жаңа өңірлік ынтымақтастықтың жаңа кезеңі ағымдағы жағдайларға салыстырмалы түрде жоғары бейімделуімен сипатталады. Регламентке және рәсімделген күндерге қатаң байлану жоқ. Бұл ретте бес мемлекеттің көшбасшылары өзекті мәселелер бойынша жеткілікті түрде тығыз үйлесімде болады. Мұны пандемия зардаптарына қарсы іс-қимылмен және Қырғызстанға 2020 жылдың күзінде ішкі саяси дағдарыстан шығуға жәрдемдесумен байланысты олардың әрекеттері растайды.

Бес елдің президенттері арасындағы диалог сындарлы арнада өтуде. Оған өңір ішінде де, геосаяси орта тарапынан да қысым артып келе жатқан өзекті мәселелер кешені міндеттейді. Мән-жайлар одан әрі өңір шеңберінде форс-мажорлық құбылыстарға жедел ден қоюға және олардың салдарын тоқтатуға мүмкіндік беретін интеграцияланған тәсілді қалыптастыруға итермелейді.

Дәстүрлі проблемаларды: сауда-экономикалық айналымды ұлғайту, су-энергетикалық ресурстарды бөлу, халықаралық көлік коммуникацияларын, туризмді дамыту және т.б. талқылауды жалғастыруға қарамастан, кооперацияға қатысушылардың алдында жаңа елеулі тәуекелдер пайда болды:

- COVID-19 короновирустық инфекциясының пандемиясы халықтың денсаулығына ауқымды қауіп төндірді, бұл санитарлық және шекара маңы қызметтерінің, денсаулық сақтау жүйелерінің келісілген іс-қимылын, ғылыми әлеуетті біріктіруді қажет етті;

- экономикалық дағдарыс санитарлық-эпидемиологиялық шектеулер мен шекаралардың жабылуы салдарынан өңір ішінде қарқынды сауда алмасуды жолға қою, сондай-ақ жұмыс күшінің қауіпсіз қозғалысын реттеу міндетін қойды;

- трансшекаралық техногендік қауіптерден туындаған климаттық күн тәртібі өңірлік экологиялық, су және энергетикалық мәселелерді, сондай-ақ экономиканы көміртексіздендіру шараларын өзекті етті;

- Ауғанстандағы жағдай және оның аумағындағы гуманитарлық апат өңірдің барлық елдерінің халықаралық қауіпсіздік саласындағы үйлестірілген іс-қимылын және көрші елдің халқына көмегін талап етеді.

Қалыптасқан жағдайда Қазақстанның сыртқы саясаты икемді және прагматикалық күйде қала береді. Ташкентті аймақта жандандыру Нұр-Сұлтан үшін тиімді, өйткені экономикалық трансформация түрі мен өмір сүру деңгейі жағынан жақын елдер арасында интеграциялық «ядроларды» қалыптастыру туралы тезис өзекті болып қала береді.

Осыған байланысты көрші елдегі экономикалық реформалар айрықша он сипатта қабылданады. Өңірдің екі ірі мемлекеті арасында көп жоспарлы қатынастарды одан әрі нығайту бойынша жаңа мүмкіндіктер ашылууда. Қысқа мерзім ішінде тараптар ынтымақтастықты кенейту және тереңдету, шекара маңындағы өзара іс-қимылды дамыту, жаңа жолдар салу және әуе рейстерін ашу жөніндегі жол картасын іске асыруға кірісті. Ірі бастамалардың қатарында Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында «Орталық Азия» халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын (ХСЭЫО) құру болды. Бұл жоба жоғары өңірлік перспективаға ие. ХСЭЫО бүкіл өңірдегі сауда-экономикалық байланыстардың дамуына серпін береді, өңіраралық инфрақұрылымдық және сауда жобалары жаңа серпін алады. Қазақстан 10%-дан астам үлеспен Өзбекстанның негізгі сыртқы сауда серіктестерінің үштігіне кіреді. Өз кезегінде, Қазақстанның сыртқы саудасының жалпы көлеміндегі Өзбекстанның үлес салмағы шамамен 3,5%-ды құрады. Сонымен қатар, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен және Түрікменстанмен екіжақты қатынастар дамуда.

2020-2030 жылдарға арналған жаңартылған сыртқы саяси тұжырымдамада Нұр-Сұлтанның геосаяси және геоэкономикалық координаттар жүйесінің жауапты да негізгі элементі ретінде Орталық Азияда көшбасшы тұғырын бекітуге арналған желісі айқын белгіленді [16]. Бұл стратегия Президент Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында расталды [17]. Осылайша, Қазақстанның сыртқы саясатының Орталық Азия векторы елде де, сол сияқты оның оңтүстік көршілері арасында да үлкен қызығушылық туғызады.

■ **Қорытынды.** Қазақстандық сыртқы саясат Орталық Азия және Еуразиялық даму векторы арасында балама ретінде құрылды деген пікір дұрыс емес. Жоғарыда айтылғандай, Орталық Азия елдерінің бірігуі тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде қазақстандық басшылық үшін неғұрлым ауқымды трансөңірлік интеграцияның қажетті құрамдас бөлігі ретінде көрінді.

Идеяның өзі байланыстардың үзілуімен жаңа мемлекеттер Батыс пен Шығыстың дамыған елдерінің шикізат өсінділеріне айнала отырып, өздерінің ойдағы әлеуеті мен экономикалық өзін-өзі қамтамасыз етуін шапшаң жоғалта бастаған сын-тегеуріндерден туындады. Қазақстан посткеңестік елдерге бірлескен күш-жігермен осы қауіпті трендті тоқтатуды ұсынды. Мәселенің мұндай тұжырымы бүгінде де өзектілігін жоғалтпайды.

Бұл ретте Қазақстан үшін өңірлік ынтымақтастықтың өзі бағалы жетістік болып көрінді және қазіргі жағдайда да сол күйінде қалады. Тәуелсіз дамудың отыз жылдық кезеңінде экономикалық теңгерімсіздіктерге, ұлттық протекционизмге, тауарлардың бақылаусыз кері экспортына, аумақтық-шекаралық дауларға, этносаралық қақтығыстарға, су және энергетикалық ресурстарды бөлу саласындағы теңгерімсіздікке қарамастан, Орталық Азия мемлекеттері тікелей және ашық мемлекетаралық қақтығыстарға жол бермеді.

Қазақстан өзінің барлық дипломатиялық күш-жігерін өңірдегі оқиғалардың ымыралы сценарийіне жұмсады. Ресми сөз сөйлеулер мен сыртқы саясат жөніндегі құжаттарда өңірлік қатынастардың дамуы әрдайым басым орын алды. Қазақстан өңірлік проблемаларды бірлесіп шешуді талап ете отырып, тәсілдерде икемділік танытты, кей тұстарда кідіріс алды. Орталық Азия аймақшылдығы қалыптасқан геосаяси жағдайлардың әсерінен Нұр-Сұлтан стратегиясына бейімделді.

Орталық Азияның дамуына қатысты жекелеген сарапшылар арасындағы жоғары үміт пен күмәншілдікке қарамастан, өңір әлемдік қоғамдастық үшін өзіндік ерекшелігін жоғалтқан жоқ. Оның тұрақты дамуы өңірлік әлеуетті сақтау үшін жағдай жасады, бұл бес елмен С5+ өзара іс-қимыл форматтарын жолға қоя бастаған жаһандық және өңірлік державалар тарапынан көрініс тапты. Бұл ретте Қазақстанның өңірдегі дәйекті сыртқы саяси стратегиясы, сондай-ақ барлық Орталық Азия елдерінің ортақ ұстанымдары айқын көрінеді.

Қазіргі кезеңде Ауғанстан факторы Орталық Азия кооперациясының алдына түбегейлі жаңа міндеттер қойып отыр. Аймақ мемлекеттерінің көшбасшылары көрші елді экономикалық оңалтуды қолдайды, бұл онда мемлекеттік құрылысқа белсенді бірлесіп жәрдемдесуді көздейді.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бжезинский Збигнев. Великая шахматная доска. Господство Америки и его геостратегические императивы. М.: Международные отношения, 1998.
2. Примбетов С. Д. Перспективы интеграции центральноазиатских государств // Центральная Азия и Кавказ. 2008, № 6 (48). С. 139.
3. Ларюэль Марлен. Внешняя политика и идентичность в Центральной Азии // Pro et Contra, № 1–2 (58), январь – апрель 2013 г. С. 11.

4. Региональная политика Казахстана в Центральной Азии. Chatham House: <https://www.caa-network.org/archives/18673>.
5. Регионализация в Центральной Азии. Стратегия Казахстана. Алматы: Фонд им Ф. Эберта, 2019.
6. Фукуяма Ф. Конец истории? // Вопросы философии. 1990. № 3. С. 84–118.
7. Алиева Р. Р. Интеграция – фактор устойчивого развития и стабильности государств Центральной Азии // Вестник Таджикского государственного университета права, бизнеса и политики. Серия общественных наук. 2015. С. 196.
8. Нурсултан Назарбаев. Пять лет независимости. Из докладов, выступлений и статей Президента Республики Казахстан. Алматы: Казахстан, 1996. С. 240.
9. Там же. С. 436.
10. Послание Президента Н. А. Назарбаева. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. Астана, 25 февраля 2005 г.: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-na-nazarbaeva-narodu-kazahstana-fevral-2005-g.
11. О Государственной программе «Путь в Европу» на 2009–2011 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 29 августа 2008 года № 653.
12. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. Судьба и перспективы ОБСЕ. Казахстан приступает к фазе председательства в этой международной организации // Интерфакс. 28 января 2010 г.: <https://www.interfax.ru/interview/120866>.
13. Республика Казахстан и Организация исламского сотрудничества: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/600?lang=ru>.
14. Казахстан в СБ ООН: цели и результаты // ИА Strategy2050.kz. 4 марта 2019 г. <https://strategy2050.kz/ru/news/52701>.
15. Концепция внешней политики РК на 2014–2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 21 января 2014 года № 741. Астана, 2014.
16. О Концепции внешней политики Республики Казахстан на 2020–2030 годы: https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/o-konceptcii-vneshnei-politiki-respubliki-kazahstan-na-2020-2030-gody.
17. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны»: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>.

Конрад Аденауэр атындағы Қор - Германия Федеративтік Республикасының саяси қоры.
Қор өзінің бағдарламаларымен және жобаларымен халықаралық ынтымақтастық пен өзара түсіністікке белсенді және пәрменді ықпал етеді.

Қазақстанда Қор өкілдігі өз жұмысын 2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шақыруымен бастады. Қор мемлекеттік органдармен, ҚР Парламентімен, азаматтық қоғам ұйымдарымен, университеттермен, саяси партиялармен, кәсіпорындармен әріптестікте жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасындағы Қор қызметінің негізгі мақсаты саяси, білім беру, әлеуметтік, мәдени және экономикалық даму саласындағы ынтымақтастық жолымен Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікті нығайту болып табылады, сол арқылы Қазақстанның одан әрі дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қор қызметінің басым бағыттары:

- Партияның саясаты мен жұмысы бойынша кеңес беру
- Парламентаралық диалог
- Энергетика және климат
- Жергілікті өзін-өзі басқару
- Саяси білім
- БАҚ (Медиа)
- Жергілікті Sur-Place шәкіртақы бағдарламасы



Мекенжайы:
Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігі
Қабанбай батыр көшесі, 6/3 - 82
010001 Нұр-Сұлтан
Қазақстан



Байланыс деректері:
Info.Kasachstan@kas.de
+7 7172 92 50 13
+7 7172 92 50 31

<https://www.kas.de/kk/web/kasachstan/>



**KAZAKHSTAN JOURNAL
OF FOREIGN STUDIES**

www.kisi.kz
www.kas.de